5	Вариативті бөлім							2
5.1	CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша аутентикалық мәтінмен жұмыс жасау түрлері							
5.2	CLIL (КЛИЛ) әдістемесін қолдана отырып оқыту барысында бағалау ерекшеліктері: оқытудың әр кезеңіндегі бағалау үлгілері мен әдістері							
5.3	Білім алушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, пән бойынша сөздік қорын белсендіру							
5.4	Көптілді білім беру жағдайында оқытушыны кәсіби тұрғыдан жетілдіру							

	менторлық кері байланыс әдісі ретінде								
5.5	Көпмәдени құзыреттілікті оқу процесінде қалыптастыру ерекшеліктері								
5.6	CLIL (КЛИЛ) жағдайында коллаборативті жұмыс түрлері								
5.7	"Lesson study" - конструктивті оқыту философиясы								
5.8	Оқытушының кәсіби қызметін өзіндік талдауы, өзін-өзі бағалау және рефлексия.								
5.9	Кеңес беру арқылы оқытуды сүйемелдеу								2
	Барлығы:	8	8	2	4	2	4	8	2

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына 26-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының " Жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту процесінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін тьюторлық сүйемелдеу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық 26-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.04.2017 № 155 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының " Жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту процесінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін тьюторлық сүйемелдеу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТжКБ) ұйымдарының ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдеріне ұсынылған.

2. Бағдарлама ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметінде тьюторлық жетекшілік етуде құзыреттілік тәсілге бағытталған.

Тьюторлық сүйемелдеу – бұл білім алушыны оның индивидуалды қозғалысында, жобалау және білім беру бағдарламасын құру, өмірлік тандаудың түрлі жағдайларында оңтайлы шешімдерді қабылдауға үйрету.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етуде ғылыми-жаратылыстану бағытындағы педагогтің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) ТжКБ жүйесін жаңғырту шеңберінде ТжКБ жүйесінің даму болашағын және басым бағыттарын талдау;

2) білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етуде психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтау;

3) білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етудің мазмұны мен мәнін меңгеру;

4) білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік ету процессін жүзеге асыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдану артықшылықтарын анықтау;

5) курс тақырыбы бойынша тыңдаушылардың білім және білік дағдыларын кеңейту және тереңдету.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) мыналарды:

Қазақстандық білім беру мазмұнын жаңарту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдық бағыттарын;

ТжКБ жаңғыртуда тұжырымдамалық;

білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етудің психологиялық-педагогикалық негіздерін;

"тьюторлық жетекшілік ету" түсінігінің мазмұнын және мәнін;

білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етудің теориялық негіздерін үлгілеуді;

білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау ұстанымдарын;

білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік ету үшін тиімді инновациялық білім беру технологияларын және оқытудың интерактивті әдістерін жүзеге асыруды біледі;

2) мыналарды:

пәнаралық сабақтастықты іске асыру мақсатында ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндерді ресурстармен қамтамасыз ету және оқу-әдістемелік материалдарын;

білім беру мазмұнын жаңарту мәнмәтінінде ғылыми-жаратылыстану бағытының мазмұнын, құрылымындағы ерекшеліктерін;

білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік ету процессін үлгілеуді;

білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілікті жүзеге асыру үшін оқытудың интерактивті әдістерін, білім беруде инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдануды;

ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту процессінде білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды;

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды және тиімді оқытуды қолдауды және салыстыруды;

ғылыми-жаратылыстану бағытында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды қалыптастыруға тапсырмалар құруды;

зерттеу сабақтарының кезеңдеріне панорамалық қорғау жүргізуді қолдана алады;

3) мыналарды:

білім алушылардың зерттеушілік-жобалық қызметіне тьюторлық жетекшілік ету дағдыларын;

панорамалық сабақ кезеңін қорғау үшін таныстырылымдық дағдылары; Lesson Study (Лессон Стади) зерттеу сабағын талдау және жобалау дағыларын;

білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды іске асыру дағдыларын;

PISA (ПИЗА) (Programme for International Student Assessment) (Программ фор интернейшнл студент ассесмент) форматындағы тапсырмалар құру әдістерін меңгереді.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама келесі модульдерден тұрады:

- 1) нормативтік құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұнында осы Бағдарламаның қосымшасында келтірілген оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі - ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

8. Тыңдаушылардың қажеттілігіне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгертіледі. Вариативті модульдің тақырыптары кіріс сауалнамасы барысында анықталады

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ мазмұны өзгеріссіз қалып, сағат саны екі есеге қысқарады.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын сабақтар (шағын іс-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

11. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсырмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың ОӘК беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

12. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылау.

13. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері жасалады және олар курстың оқу-әдістемелік кешенінде (ОӘК) беріледі.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Жаратылыстану-
ғылыми пәндерді оқыту
процесінде техникалық және
кәсіптік білім беру
ұйымдарында білім
алушылардың жобалау-зерттеу
қызметін тьюторлық
сүйемелдеу" білім беру
бағдарламасына қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Тандау дәрістері	Тәжірибелік жұмыстр	Тренинг	Көшпелі практикалық сабақ	Конференция	Дөңгелек үстел	
1	Нормативтік-құқықтық модуль	4		2					
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген ТжКБ жүйесіндегі мемлекеттік саясат пен даму стратегиясының негізгі бағыттары	4		2					
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	4			6				
2.1	Білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етудің психологиялық аспектілері	2			2				
2.2	Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылармен жекелей жұмыс жасауда тьюторлық жетекшілік ету				2				
2.3	Білім алушылардың зерттеушілік-жобалық қызметіне тьюторлық жетекшілік етуге құзыреттілік тұрғыдан қамтамасыз етуді іске асыру	2			2				
3	Мазмұндық модуль	6		18	2	4	2	2	
3.1	ТжКБ модернизациялау мәнмәтініндегі Ғылыми-жаратылыстану" пәндерді оқыту ерекшеліктері	2							
3.2	"Тьюторлық жетекшілік ету" түсінігінің мазмұны және мәні. Білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етудің теориялық негіздерін үлгілеу. Тьюторлық практика түрлері	2		2					
3.3	ТжКБ білім алушыларының әрекетіне жобалық-зерттеушілік жетекшілік ету моделі (тақырып таңдау бойынша)			4					
3.4	Білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік ету процессін			4					

	жоспарлау әдістемесі (тақырып таңдау бойынша)							
3.5	Білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік студің түрлері мен әдістері (тақырып таңдау бойынша)			4				
3.6	(Lesson study) (Лессон стади) зерттеу сабағын талдау және жобалау ерекшеліктері "Металдар" тақырыбы					4		
3.7	PISA (ПИЗА) халықаралық зерттеулеріне сәйкес ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын бағалау және дамыту			4				
3.8	Білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметінің нәтижесін критериалды бағалау тәсілдері ("Ақуыз. Құрылысы мен функциялық қызметі", "Қоғам және табиғатпен өзара байланыс" "Жылу двигательдері. Жылу двигательдерінің "ПӨК", "Металдар коррозиясы және олармен күресу" тақырыптарында мысал ретінде)	2			2			
3.9	Дөңгелек үстел "ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың жобалық әрекетіне тьюторлық жетекшілік студі ұйымдастыру : мәселелері, шешу жолдары"						2	
3.10	Конференция "ТжКБ модернизациясы мәнмәтінінде білім алушылардың жобалық-зерттеушілік әрекетіне тьюторлық жетекшілік студің теориясы және практикасы"					2		
3.11	Сабақтың шағын таныстырылымы - Ықшам сабақ (тақырып таңдау бойынша)							4
3.12	Жоба қорғау							
3.13	Қорытынды тестілеу							
4	Технологиялық модуль			14				

4.1	Білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік етуде акпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану			4				
4.2	Оқу мультимедиялық ресурстарды қолдану мүмкіндіктері. Сызба, кесте, диаграммалармен жұмыс			6				
4.3	Ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқытуда смарт және мобильді оқыту			4				
5	Вариативті модуль	8						
5.1	Білім алушылардың жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік ету процессінде ынтымақтастық орта және белсенді өзара әрекет құру							
5.2	Білім алушыларды ерекше қажеттіліктеріне сәйкес оқытуда жекелей оқытуға жобалық-зерттеушілік қызметіне тьюторлық жетекшілік ету							
5.3	Кәсіби практиканы ұйымдастыруда тьютордың жұмыс түрі мен әдістері							
5.4	ТжКБ ұйымдарында білім алушыларының оқу қызметіне тьюторлық жетекшілік ету							
5.5	Білім алушылардың сыныптан тыс қызметіне тьюторлық жетекшілік ету							
5.6	"Технопарк" жобасына тьюторлық жетекшілік ету процесін модельдеу							
5.7	"Робототехника" жобасына тьюторлық жетекшілік ету процесін модельдеу							
5.8	"Химия және косметика" жобасына тьюторлық жетекшілік ету процесін модельдеу							
	Барлығы:	14	8	34	8	4	2	2

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының құқықтық құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық 27-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.04.2017 № 155 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының құқықтық құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім (бұдан әрі - ТЖКБ) беру ұйымдарының басшыларына арналған.

2. Бағдарлама ТЖКБ ұйым басшыларының құқықтық құзыреттілік негізінде ұйымдастырушылық-басқарушылық шеберлігін жетілдіруіне бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты ТЖКБ ұйымдары басшыларының құқықтық мәселелер және білім беру саласындағы заңнама бойынша құзыреттілігін дамыту табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) ТЖКБ басқаруға арналған қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;

2) ТЖКБ саласындағы қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің нақты ерекшеліктері бойынша білімдерін кеңейту;

3) білім беру саласындағы құқықтық мәселелер мен заңнама бойынша колледж басшыларының кәсіби құзырлылығын арттыру;

4) ТЖКБ саласындағы қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жүзеге асыру білімдері мен дағдыларын қалыптастыру;

5) ТЖКБ саласындағы қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілердің орындалуын басқару мен бақылау бойынша тәсілдерін қалыптастыру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) мыналарды:

ТжКБ саласындағы заңнамаларды;

ТжКБ ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құжаттамаларды біледі;

2) мыналарды:

ТжКБ ұйымдарының жұмысын реттейтін заңдарды;

ТжКБ ұйымдарының жұмысын реттейтін түрлі заңдар өзара іс-қимылды жүзеге асыруды;

қызметтерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ТжКБ ұйымдарының жұмысын реттейтін заңдар мен ережелерді қолдана алады;

3) мыналарды:

ТжКБ ұйымдарының жұмысын реттейтін заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жүзеге асыру нысандары мен әдістерін меңгереді.

4-тарау. Бағдарлама мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативті-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұнында осы Бағдарламаның қосымшасында келтірілген оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі - ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

8. Тыңдаушылардың қажеттілігіне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгертіледі. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушыларға сауалнама жүргізу арқылы анықталады.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ мазмұны өзгеріссіз қалып, сағат саны екі есеге қысқарады.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

11. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсырмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

12. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылау.

13. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері жасалады және олар курстың ОӘК беріледі.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Техникалық және
кәсіптік білім беру ұйымдары
басшыларының құқықтық
құзыреттілігін дамыту" білім
беру бағдарламасына қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Дәрістердің тақырыбы	Дәріс	Таңдау дәрісі	Практикалық сабақ	Тренинг	Семинар	Көшпелі практикалық сабақ	Қорытынды тестілеу	Бар
1	Нормативтік-құқықтық модуль	6							6
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген ТжКБ жүйесіндегі мемлекеттік саясат пен даму стратегиясының негізгі бағыттары	6							6
2	Басқарушылық модуль	6		2		4			12
2.1	Қазақстан Республикасы Заңдарының еңбек ресурстарын дайындау бойынша ТжКБ ұйымдарының қызметіне әсері	2							2
2.2	ТжКБ және білім беруді басқару ұйымдарының қызметін реттейтін, Қазақстан Республикасының негізгі заңнамасының мақалалар мазмұны.	2		2		2			6
	Қазақстан Республикасының заңнамасындағы ТжКБ								

2.3	жүйесіндегі шешуге тиісті проблемалар.	2			2			4
3	Психологиялық-педагогикалық модуль	4	2		4			10
3.1	ТжКБ ұйымдарындағы педагогтардың қызметін нормативтік қамтамасыз етудің ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалға әсері	2			2			4
3.2	Аттестациялау - ТжКБ ұйымдарындағы қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін арттыру құралы				2			2
3.3	Нормативтік құжаттардың педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынастарға әсер етуінің психологиялық-педагогикалық негіздері	2	2					4
4	Мазмұндық модуль	14	6	10				30
4.1	ТжКБ ұйымдарының білім беру қызметін лицензиялау		2					2
4.2	ТжКБ ұйымдары қызметінің құқықтық негіздері		2					2
4.3	ТжКБ қызметкерлері мен ұйымдарын қаржыландыруда мемлекеттік нормативтерді пайдалану	2						2
4.4	ТжКБ ұйымдарының педагогикалық ұжымды қалыптастыру ережелері. ТжКБ ұйымдарындағы білім алушылар ұжымын қалыптастыру ережелері			2				2
4.5	ТжКБ ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің кәсіптік қызметін ұйымдастыру ережелерін пайдалану			2				2
4.6	ТжКБ ұйымдарында оқу-тәрбие үрдістерін ұйымдастыру ережелерін қолдану			2				2
4.7	ТжКБ ұйымдарының аттестациялауын жүргізу. ТжКБ ұйымдарының аккредитациясын жүргізу.	2						2

	ТжКБ ұйымдарының ақылы қызмет көрсетуі								
4.8	ТжКБ ұйымдарында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының іске асырылуын нормативтік қамтамасыз ету	2			2				4
4.9	Еңбек ресурстарын кәсіптік оқыту нормативі ретінде кәсіптік-біліктілік сипаттамалары				2				2
4.10	ТжКБ ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалардың кәсіптік оқытуын ұйымдастырудың құқықтық нормалары	2							2
4.11	ТжКБ ұйымдарында білім беру мониторингін жүзеге асыру	2							2
4.12	Жұмыссыздардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша ТжКБ ұйымдарының қызметінің құқықтық негіздері	2							2
4.13	ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың рухани-адамгершілік бағытта тәрбиеленуін мемлекеттік нормативтік тұрғыдан қамтамасыз ету	2		2					4
5	Технологиялық модуль	4		2			6	2	2
5.1	ТжКБ ұйымдарында еңбек заңнамаларын қолданудағы өзекті сұрақтар	2		2					4
5.2	ТжКБ ұйымдары түлектерінің кәсіби дайындығын және біліктілігін растауы. Ұлттық біліктілікті ТжКБ ұйымдарының қызметінде пайдалану						6		6
5.3	ТжКБ ұйымдарының тендерлік сатып алуды жүргізуін нормативтік тұрғыдан қамтамасыз ету	2							2
5.4	Тест							2	2
6	Вариативтік модуль		8						
6.1	ТжКБ ұйымдарының қызметінде нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудегі өзгертулер								
	ТжКБ ұйымдарының қызметтік бөлімдерінің								

6.2	ерекшеліктеріне сәйкес құқықтық қамтамасыз ету								
6.3	Еңбек ресурстарын сапалы дайындаудың шарты ТжКБ ұйымдарын қаржыландыру								
6.4	Еңбек ресурстарын кәсіптік даярлаудағы шынайылықтар және өзгеру әлеуеттері								
6.5	Еңбек нарығының талдауда ТжКБ қажеттілігі								
6.6	Инклюзивтік білім беруде қашықтықтан оқыту технологиясы								
6.7	Әлеуметтік әріптестік формасы ретінде кластерлік тәсіл								
6.8	Дуальдық жүйе жағдайында білім алушыларды оқытуда білім беру және кәсіби талаптар								
	Барлығы:	34	8	12	10	8	6	2	80

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына 28-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларын енгізудің ерекшеліктері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық 28-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.04.2017 № 155 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларын енгізудің ерекшеліктері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТжКБ) ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама ТжКБ жүйесінің педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың (бұдан әрі - педагогикалық қызметкерлер) кәсіби құзыреттіліктерінің сапасын арттыруға және жетілдіруге, ТжКБ жүйесін жаңғыртуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты педагогикалық қызметкерлердің ТжКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларын енгізу тетігін және оған ауысу шарттарын іске асыру бойынша практикалық білімін, іскерліктері мен дағдыларын, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1) оқытудың кредиттік-модульдік технологияларына ауысуды ескере отырып, ТжКБ ұйымдарының оқу процесіне модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын енгізу әдіснамасын және әдістемесін оқыту;

2) ТжКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысу кезінде студенттің жеке оқу жоспарын, анықтамалық-жолсілтемесін құрастыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қалыптастыру бойынша практикалық дағдылар мен іскерліктерді шыңдау.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мыналарды:

ТжКБ ұйымдарының білім беру процесіне оқытудың кредиттік-модульдік технологиясын енгізудің тетігін;

ТжКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысу бойынша шетелдік және қазақстандық тәжірибенің бағыттарын;

оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысу ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесін, құрылымын және форматын;

оқытудың кредиттік-модульдік технологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, пәндер (модульдер) бойынша жеке оқу жоспарын, анықтамалық-жолсілтемені, оқу-әдістемелік кешенді жасаудың мақсаттарын, міндеттерін және тәртібін;

оқытудың кредиттік-модульдік технологиялары шарттарында студенттердің жоспарланған нәтижелері мен жетістіктерін критериалдық бағалау тетігін біледі және түсінеді;

2) мыналарды:

оқытудың кредиттік-модульдік технологияларының басты аспектілерін ескере отырып, оқу жұмыс жоспарының және білім беру бағдарламаларының негізгі элементтерін құрастыра;

оқытудың кредиттік-модульдік технологияларының ерекшеліктерін ескере отырып, ТЖКБ ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептегі құжаттар нысандарын толтыра;

оқытудың кредиттік-модульдік технологияларына ауысу кезінде білім берудің мазмұнын және студентті оқытуды ұйымдастыруды анықтайтын жеке оқу жоспарын құрастыра;

оқытудың кредиттік-модульдік технологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, силлабус құрастыра және пәндер (модульдер) бойынша оқу-әдістемелік кешен әзірлей;

оқытудың кредиттік-модульдік технологиялары шарттарында студентке практикалық ақпарат беруге арналған анықтамалық-жолсілтеме құрастыра;

оқытудың әртүрлі кезеңдерінде критериалдық бағалаудың әртүрлі үлгілерін және құралдарын пайдалана біледі;

3) ТЖКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларына ауысу кезінде тиімді оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті дағдылар мен кәсіби құзыреттіліктерді меңгереді.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама мынадай 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) оқытудың кредиттік-модульдік технологияларын ескере отырып, модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне енгізудің әдіснамасы;

2) ТЖКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларына ауысуды есепке ала отырып, оқу жұмыс жоспарларын және білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі;

3) оқытудың кредиттік-модульдік технологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, қатаң есептегі құжаттар нысандарын толтырудың теориясы және практикасы;

4) оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысу шарттарында білім беру қызметін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қалыптастырудың ерекшеліктері ;

5) оқытудың кредиттік-модульдік технологиясы шарттарында студенттердің жоспарланған нәтижелерін және оқу жетістіктерін бағалау.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде оқу-тақырыптық жоспардағы сағат саны екі есе қысқартылады, сабақты өткізу нысаны және тақырыптар өзгеріссіз қалады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту әдістері және бақылау, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарламаның мазмұны мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: кейс-стади, пікірталас, ой-талқы, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама мазмұны екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) өзінің жеке кәсіби қызметінде жаңа білімді практикалық қолдану бойынша білік және дағды.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларын енгізудің ерекшеліктері" білім беру бағдарламасына қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"Оқытудың кредиттік-модульдік технологияларын ескере отырып, модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын ТжКБ ұйымдарының оқу процесіне енгізудің әдіснамасы" модулі	6			6
1.1	ТжКБ ұйымдарының білім беру процесіне оқытудың кредиттік-модульдік технологиясын енгізудің тетігі	2			2
1.2	ТжКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысу бойынша озат шетелдік және қазақстандық тәжірибе	1			1
1.3	Оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысқан кезде білім беру процесін құрастырудағы ерекшеліктер және негізгі бағыттар	2			2
1.4	Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген оқу жоспарларын, білім беру бағдарламаларын құрастырудың ерекшеліктері және жалпы ережелері	1			1
2	"ТжКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларына ауысуды есепке ала отырып, оқу жұмыс жоспарларын және білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі" модулі	6	12		18
2.1	Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізделген оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының жалпы ережелері	2	4		6
2.2	Оқу жоспарының (оқу процесінің кестесі, бюджет мерзімі бойынша жиынтық деректер, оқу процесінің жоспары, оқу жоспарына түсіндірме жазба) құрылымы	2	4		6

2.3	Білім беру бағдарламасы мазмұнының құрылымы (пәнге (модульге) қысқаша шолу, күтілетін нәтиже және бағалау критерийлері)	2	4		6
3	"Оқытудың кредиттік-модульдік технологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, қатаң есептегі құжаттар нысандарын толтырудың теориясы және практикасы" модулі	6	12		18
3.1	ТЖКБ ұйымдары үшін теориялық және өндірістік оқытуды есепке алу журналдарын жүргізудің ережелері және тәртібі	2	4		6
3.2	Оқытудың кредиттік-модульдік технологияларының ерекшеліктерін ескеріп сабақ кестесін құрастыру	2	6		8
3.3	Оқытудың кредиттік-модульдік технологияларына ауысу шарттарында диплом бланкісін және қосымшасын толтыру ерекшеліктері	2	2		4
4	"Оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысу шарттарында білім беру қызметін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қалыптастырудың ерекшеліктері" модулі	6	12		18
4.1	Оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына ауысу кезінде студентті оқытуды ұйымдастыруды және білім алу мазмұнын анықтайтын жеке оқу жоспарын жобалау және оны құрастыру тәжірибесі	2	2		4
4.2	Оқытудың кредиттік-модульдік технологияларының ерекшеліктерін есепке ала отырып, силлабус құрастыру және оқыту процесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін қалыптастыру әдістемесі	2	8		10
4.3	Оқытудың кредиттік-модульдік технологиялары шарттарында студентке практикалық ақпарат беруге арналған анықтамалық-жолсілтеме құрастыру практикасы	2	2		4
5	"Оқытудың кредиттік-модульдік технологиясы шарттарында студенттердің оқу жетістіктерін бағалау" модулі	4	2		6
5.1	Оқытудың кредиттік-модульдік технологиялары шарттарында студенттердің оқу жетістіктерін критериалды бағалау тетігі	2			2
5.2	Тақырыптар, пәндер (модульдер) бойынша бағалауды өткізу тәртібі		2		2
5.3	Критериалды бағалаудың практикалық маңыздылығы	2			2
6	Бағдарламаның оқытылған модульдері бойынша жобаны қорғау			6	6
	Барлығы:	28	38	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына 29-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "CLIL әдістемесі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық 29-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.04.2017 № 155 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "CLIL (КЛИЛ) әдістемесі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТжКБ) ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың (бұдан әрі - педагогикалық қызметкерлер) біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама оқыту процесінің сапасын арттыруға, ТжКБ ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға және жетілдіруге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты педагогикалық қызметкерлерді арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуға бағытталған CLIL (КЛИЛ) әдістемесі (бұдан әрі – CLIL (КЛИЛ) әдістемесі) бойынша білімдер мен практикалық дағдыларға оқыту болып табылады.

4. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1) үш тілде білім беру процесінде білім беру процесін ұйымастырудың негізгі принциптерін түсіну;

2) арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін үйрену;

3) педагогикалық қызметкерлердің арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесіне CLIL (КЛИЛ) әдістемесінде қолдана білу;

4) оқу сабағын CLIL (КЛИЛ) әдістемесі негізінде жоспарлай білу;

5) ағылшын тіліндегі арнайы пәндер бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды қалыптастыра білу;

6) арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша бағалау жүйесін қолдана алу;

7) педагогикалық қызметкерлерің кәсіби ағылшын тіліндегі білімдерін үздіксіз жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыру;

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мыналарды:

үш тілде білім беру жағдайында оқыту процесін ұйымдастырудың негізгі принциптерін;

CLIL (КЛИЛ) әдістемесінің ерекшеліктерін;

кәсіби ағылшын тілі бойынша білімін жүйелі түрде жетілдіру қажеттілігін біледі және түсінеді;

2) мыналарды:

ағылшын тілін білу деңгейін және өзіндік мүмкіншіліктерін ескере отырып арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыта біледі;

CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша сабақты жоспарлай алады;

арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша оқу-әдістемелік кешенді құрастыра алады;

арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша студенттерді бағалау және сабақты жоспарлау жүйесін пайдалана біледі.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама мынадай 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны (көрсету сабағы) қорғауды қарастырады.

8. Бағдарламаның модульдері:

1) CLIL (КЛИЛ) әдістемесінің негізгі принциптері;

2) CLIL (КЛИЛ) әдістемесінің ерекшеліктері;

3) арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде CLIL (КЛИЛ) әдістемесін практикалық қолдану;

4) сабақты CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша жоспарлау;

5) CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту нәтижелілігін бағалау өлшемшарттары;

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық

курстарды ұйымдастыру кезінде оқу-тақырыптық жоспардағы сағат саны екі есе қысқартылады, сабақты өткізу нысаны және тақырыптар өзгеріссіз қалады.

10. Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсының өткізу процесінің тиімділігін арттыру әртүрлі білім беру технологиялары, нысандар, оқыту әдістері және бақылау, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарламаның мазмұны мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: активити, пікірталас, ой-талқы, рөлдік ойындар, жоба әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалауға негізделген және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйе бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама мазмұны екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

1) оқу процесінің барысында Бағдарламаның бес модулінің мазмұнын білу және түсіну;

2) игерген білімін жобаны қорғау (көрсету сабағы) барысында қолдана алу;

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны (демонстрациялық сабақ) жеке немесе топта қорғайды.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	CLIL (КЛИЛ) әдістемесінің негізгі принциптері	1	2,5		3,5
1.1	CLIL (КЛИЛ) әдістемесі үш тілде білім беру педагогикасының негізі ретінде		1		1
1.2	Пәнді екінші/үшінші тілде оқытудың ерекшеліктері	0,5	1		1,5
1.3	CLIL (КЛИЛ) әдістемесін тиімді қолдануға арналған практикалық ұсынымдар	0,5	0,5		1
2	CLIL (КЛИЛ) әдістемесінің ерекшеліктері	2	9		11
2.1	CLIL (КЛИЛ) әдістемесін пайдалану кезінде кәсіби ағылшын тілі дағдыларын дамыту		4.5		4.5
2.2	Арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту барысында "Scaffolding" (Скаффолдинг) стратегиясының маңыздылығы	1	3		4
2.3	CLIL (КЛИЛ) әдістемесін қолдану барысындағы ана тілінің маңыздылығы	1	1.5		2.5
3	Арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту барысында CLIL (КЛИЛ) әдістемесін практикалық қолдану		10		10
3.1	CLIL (КЛИЛ) пәндік-тілдік интеграцияланған әдістемесіне негізделген көрсету сабағын дайындау		0,5		0.5
3.2	Сабакқа талдау жасау		9,5		9,5
4	Сабакты CLIL әдістемесі бойынша жоспарлау	2	17		19
4.1	Арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқытуда оқыту мақсаттарын белгілеу және іске асыру	1	1		2
4.2	CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша материалдар әзірлеу және өңдеу	1	16		17
5	CLIL (КЛИЛ) әдістемесі бойынша арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту нәтижелігін бағалау өлшемшарттары	3	19.5		22.5
5.1	CLIL (КЛИЛ) әдістемесімен арнайы пәндерді ағылшын тіліне оқыту нәтижелігін бағалау әдістемесі	1	2		3
5.2	Бағалау стратегиясы мен құралдары	2	17.5		19.5
5.3	Бағдарламада оқылған модульдер бойынша Жобаны қорғау (көрсету сабақ)			6	6
	Барлығы:	8	58	6	72

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Бейіні (мамандығы) бойынша кадрлар даярлаудағы заманауи тәсілдер" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық 30-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.04.2017 № 155 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Бейіні (мамандығы) бойынша кадрлар даярлаудағы заманауи тәсілдемелер" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТЖКБ) ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама мазмұны оқыту процесінің тиімділігін және сапасын арттыруға, инновациялық технологиялар негізінде оқытылатын пәндер (модульдердің) мазмұнын өзектендіруге, ТЖКБ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін кәсіби дамытуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты еңбек нарығының талаптарына, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес және бейін (мамандық) бойынша оқыту процесіндегі инновациялық технологияларды ескере отырып, кадрлар даярлау саласындағы арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктіліктерін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1) озық қазақстандық және халықаралық педагогикалық тәжірибені ескере отырып, ТЖКБ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби деңгейін арттыру;

2) жүйелік жұмыс және педагогикалық практика мен өндірістің үздіксіз байланысы негізінде ТЖКБ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін кәсіби дамыту.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мыналарды:

саланың (бейіннің немесе мамандықтың) ағымдағы жағдайын және дамуын;
еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитарлық жағдай, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін;

өндірістің (кәсіпорынның) технологиялық процесіндегі инновацияларды;
студенттерді оқыту процесінде жана білім беру технологияларын қолдану тетіктерін;

ТЖКБ ұйымдарының түлектеріне өндірістің (кәсіпорынның) талаптарын біледі;

2) мыналарды:

кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана;
еңбек нарығының сұранысына сәйкес келетін кадрларды даярлау бойынша инновациялық білім беру технологияларын қолдана;

ТЖКБ ұйымдарының түлектеріне өндірістің (кәсіпорынның) талаптарын талдау негізінде оқыту нәтижесін бағалау нысандарын әзірлей біледі;

3) кадрларды даярлаудың инновациялық тәсілдемелерін меңгереді және пәндерді (модульдерді) оқыту процесінде практикалық білімдерін және дағдыларын қолданады.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – өндірістік (практикалық) және теориялық.

7. Жаңа білім беру технологиялары бойынша тыңдаушыда практикалық білімді, білік пен дағдыны, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін Бағдарлама келесі 7 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) саланың (бейіннің немесе мамандықтың) индустриалды-инновациялық дамуы;

2) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері;

3) өндірістің (кәсіпорынның) технологиялық процестеріндегі инновациялар;

4) маманның біліктілігі бойынша еңбек функцияларының тізбесі;

5) кадрлар даярлаудағы және арнайы пәндерді (модульдерді) оқытудағы тәсілдемелер;

6) кәсіби қызметтегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен мәні;

7) ТЖКБ ұйымдарының түлектеріне өндірістің (кәсіпорынның) қоятын талаптарын талдау. Студенттің (түлектің) оқу жетістіктерін бағалау.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспар негізінде жасалған әртүрлі салалар (бейіндер немесе мамандықтар) бойынша жұмыс оқу-тақырыптық жоспарларына сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде оқу-тақырыптық жоспардағы сағат саны екі есе қысқартылады, сабақты өткізу нысаны және тақырыптар өзгеріссіз қалады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту әдістері және бақылау, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарламаның мазмұны келесі интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: кейс-стади, тренингтер, семинарлар, пікірталас, ой-талқы, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс және рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процесін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама мазмұны екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) өзінің жеке кәсіби қызметінде жаңа білімді практикалық қолдану бойынша білік және дағды.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Бейіні
(мамандығы) бойынша кадрлар
даярлаудағы заманауи
тәсілдемелер" білім беру
бағдарламасына қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"Саланың (бейіннің немесе мамандықтың) индустриалды-инновациялық дамуы" модулі	3	3		6
1.1	Саланың (бейіннің немесе мамандықтың) ағымдағы жағдайын талдау	1	1		2
1.2	Саланың (бейіннің немесе мамандықтың) әлемдік тәжірибесі	1			1
1.3	Саланың (бейіннің немесе мамандықтың) индустриалды-инновациялық даму стратегиясы	1	2		3
2	"Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері" модулі	2	10		12
2.1	Кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	1	3		4
2.2	Өндірістік санитария және гигиена	1	3		4
2.3	Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары		2		2
2.4	Алғашқы көмек көрсету		2		2
3	"Өндірістің (кәсіпорынның) технологиялық процестеріндегі инновациялар" модулі	1	5		6
3.1	Кәсіпорынның жалпы сипаттамасы	1			1
3.2	Өндірістің технологиялық процесін талдау		4		4
3.3	Нормативтік-техникалық құжаттар		1		1
4	"Маманның біліктілігі бойынша еңбек функцияларының тізбесі" модулі	3	13		16
4.1	Маман біліктілігінің жаңа еңбек функциялары		2		2
4.2	Өндірістік бөлімшелердің тапсырма-жүктелімі	1	1		2
4.3	Жұмыс орнында технологиялық операцияларды орындау		6		6
4.4	Өзінің шеберлігін жетілдірудегі еңбек дағдыларын қалыптастыру тетігі	2	4		6
5	"Кадрлар даярлаудағы және арнайы пәндерді (модульдерді) оқытудағы тәсілдемелер" модулі	1	9		10
5.1	Оқытудың практикалық бағдарлануы. Дуальды оқыту жүйесі		2		2

5.2	Студенттердің психологиялық ерекшеліктері		3		3
5.3	Арнайы пәндерді (модульдерді) оқыту әдістемесі	1	4		5
6	"Кәсіби қызметтегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен мәні" модулі		8		8
6.1	Техникалық орта (кәсіптік қызметте негізгі міндеттерді орындауда пайдаланылатын техника түрлері)		2		2
6.2	Бағдарламалық орта (бағдарламалық құралдар жинағы)		2		2
6.3	Пәндік орта (бейіннің (мамандықтың) нақты пәндік мазмұны)		2		2
6.4	Технологиялық орта (нұсқаулар, қолдану тәртібі)		2		2
7	"ТжКБ ұйымдарының түлектеріне өндірістің (кәсіпорынның) қоятын талаптарын талдау. Студенттің (түлектің) оқу жетістіктерін бағалау" модулі	3	5		8
7.1	Маманның құзыреттіліктерінің үлгісі	1			1
7.2	Құзыретті маманды даярлау жүйесін талдау және оның тәжірибесі		3		3
7.3	Құзыреттердің қалыптасу деңгейін және оқыту нәтижесін бағалау жүйесі	2	2		4
8	Бағдарламаның оқытылған модульдері бойынша жобаны қорғау			6	6
	Барлығы:	13	53	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына 31-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын іске асыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық 31-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.04.2017 № 155 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын іске асыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі - ТжКОБКБ) ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың (бұдан әрі – педагогикалық қызметкерлер) біліктілікті арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама ТжКОБКБ жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерінің сапасын арттыруға және жетілдіруге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты педагогикалық қызметкерлердің ТжКОБКБ ұйымдарында қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі - ҚБББ) іске асыру бойынша практикалық білімін, іскерліктері мен дағдыларын, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- 1) ТжКОБКБ ұйымдарында ҚБББ іске асыру әдістемесін оқыту;
- 2) ҚБББ іске асыру барысында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қолдау бойынша практикалық дағдылар мен машықтарды шыңдау.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мыналарды:

ТжКОБКБ ұйымдарында ҚБББ іске асыру механизмін;

мамандықтар бойынша ҚБББ енгізудің негізгі кезеңдерін;

ТжКОБКБ ұйымдарының мамандықтар бойынша ҚБББ енгізу қызметін реттейтін арналған негізгі нормативті құқықтық құжаттарды әзірлеу әдістемесін;

мамандықтар бойынша ҚБББ іске асыру технологиясын біледі және түсінеді;

2) мыналарды:

жұмыс тобының құрамында мамандықтар бойынша ҚБББ оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлей;

ҚБББ іске асыру барысында қазіргі заманғы білім беру технологияларын оқу-өндірістік процесте қолдана;

ТжКОБКБ ұйымдарында әлеуметтік әріптестердің қатысуымен деңгейлік үздіксіз кәсіби білім берудің тұтас құрылымын жасай;

қоғамның, білім алушының жеке қажеттіліктеріне, еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес қалыптастырылған кәсіби құзыреттіліктерді ескере отырып, оқу нәтижелерін бағалау өлшемдерін әзірлей алады;

3) ҚБББ іске асыру кезінде ТжКОБКБ ұйымдарында тиімді оқу процесін ұйымдастыру үшін қажетті дағдылар мен кәсіби құзыреттіліктерді меңгереді.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру үшін Бағдарлама келесі 7 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

- 1) мамандықтар бойынша ҚБББ іске асыру процесінің ерекшеліктері;
- 2) мамандықтары бойынша қолданбалы бакалавриаттың оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу процесінің тәртібі;
- 3) мамандықтар бойынша қолданбалы жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу кезеңдері;
- 4) мамандықтар бойынша ҚБББ бейіні мен мамандандыруын айқындау әдістемесі;
- 5) білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды анықтау әдістемесі;
- 6) оқу жұмыс жоспарын әзірлеу әдістемесі және форматы;
- 7) ҚБББ іске асыру процесін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны зерделеу.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

 - 2) өзінің жеке кәсіби қызметінде жаңа білімді практикалық қолдану бойынша білік және дағды.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру ұйымдарымен бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Қазақстанның
техникалық және кәсіптік білім
беру жүйесіндегі дуальдық
оқыту" білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында дуальдық оқыту жүйесін енгізудің әдістемесі" модулі	3	3		6
1.1	Дуальдық оқыту жүйесінің шетелдік және қазақстандық озық тәжірибесі	1	1		2
1.2	Қазақстан Республикасының дуальдық оқыту жүйесі шарттарындағы кәсіпорындары және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін заңнамалық база	1			1
1.3	Дуальдық оқыту жүйесін енгізудің негізгі кезеңдері	1	2		3
2	"Дуальдық оқыту жүйесі кезінде білім беру процессінің мазмұнын қамтамасыз ету" модулі	5	17		22
2.1	Оқу-жоспарлық құжаттарды әзірлеу	2	8		10
2.2	Оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу	2	6		8
2.3	Технологиялық карталарды әзірлеу	1	3		4
3	"Дуальдық оқыту жүйесі жағдайында оқу процессін ұйымдастырудың ерекшеліктері" модулі	8	4		12
3.1	Дуальдық оқыту шарттарындағы білім беру процессінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	4	2		6
3.2	Дуальдық оқыту шарттарында арнайы пәндерді/модульдерді оқыту ерекшеліктері	4	2		6
4	"Өндірістік-технологиялық процессті ұйымдастыру" модулі	6	14		20
4.1	Өндірістік оқытуды ұйымдастыру бойынша нормативтік техникалық құжаттар	2	4		6
4.2	Жұмыс орнында технологиялық процессті ұйымдастыру	2	8		10

4.3	Еңбек нарығында сұранысқа ие құзыретті маманды даярлаудағы тәлімгердің рөлі	2	2		4
5	"Дуальдық оқыту жүйесі кезінде студенттердің жоспарлы (күтілетін) нәтижелерін және жетістіктерін бағалау әдістемесі" модулі	3	3		6
5.1	Дуальдық оқыту шарттарында студенттердің жоспарлы (күтілетін) нәтижелерін бағалау механизмі	1	1		2
5.2	Студенттерде кәсіби құзыреттіліктердің жетістіктерінің нәтижесін айқындайтын бағалау критерилерін әзірлеу	2	2		4
6	Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының " Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальдық оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасының оқытылған модульдері бойынша жобаны қорғау			6	6
Барлығы:		25	41	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
42-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Қазақстан экономикасының негізгі секторларындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165/№ 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Қазақстан экономикасының негізгі секторларындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша арнайы пәндер оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарламаның мазмұны арнайы пәндер оқытушыларының (бұдан әрі – педагогикалық қызметкерлер) кәсіптік ІТ-құзыреттіліктерін дамыту және жетілдіруді қарастырады, осы құзыреттерді оқыту процесінде қолдануды, сондай-ақ экономиканың әртүрлі негізгі секторларында пайдалану.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты – білім беру процесінде, ғылыми және практикалық жұмыста, өз-өзінің білімін жетілдіру және басқа мақсаттар үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды барынша пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттерді арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) "Цифрлық Қазақстан" Мемлекеттік бағдарламасын білу және түсіну;
- 2) IT саласындағы негізгі түсініктерді зерделеу, Қазақстан экономикасының негізгі секторларындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі – АКТ) рөлін түсіну;
- 3) экономиканың әр түрлі салаларында инновациялық IT-технологияларды енгізудің озық шетелдік және қазақстандық тәжірибелерімен танысу;
- 4) педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін және кәсіби құзіреттіліктерін арттыру;
- 5) АКТ сауаттылық деңгейін арттыруға ықпал ететін электрондық құралдар мен ресурстарды, IT-технологиялардың озық әдістерін әзірлеу мен қолданудағы тәжірибелік практикалық іскерлік пен дағдылар.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мыналарды:

IT-саласының негізгі түсініктері мен терминдерін;

компьютерлік жүйелердің архитектурасын, соның ішінде бағдарламалық қамтамасыздандыру және операциялық жүйелердің архитектурасын;
интернет және мобильді технологиялардың жұмыс принципін;
деректер базасының және желілердің құрылысын;
ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік жүйелерін;
адам-компьютерлік өзара әрекеттесудің оңтайлы схемасын;
бұлтты технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін;
электрондық бизнестің жұмыс принциптерін біледі;

2) мыналарды:

IT-технологияларды жүзеге асыру әдістерін тәжірибеде қолдануды;
заманауи құралдарды пайдалана отырып интернет-сайт әзірлеуді;
әртүрлі операциялық жүйелер үшін мобильді қосымшаларды жасау және түрлі қол жетімді құралдарды пайдалануды;

білім беру және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру үшін IT-технологияларды, бағдарламалық-аппараттық құралдарды, іс-жүзінде қолдануды біледі;

3) мыналарды:

қосымшаларды әзірлеуді қоса алғанда, IT-технология саласындағы практикалық дағдыларды;

қызмет студия басқа салаларында IT-технологияларын тиімді қолдану үшін қажетті кәсіби құзіреттіліктерді меңгереді.

4) мыналарды:

"Жұмсақ дағдыларды" (soft skills) (софт скилз) – коммуникативтік дағдыларды, сыни тұрғысынан ойлауды, келелі мәселелердің шешімін табу дағдысын, шығармашылық, топта жұмыс жасай білу, өзін-өзі ұйымдастыру, тайм-менеджментті, шиеленістерді шешу дағдысын және өзінің педагогикалық тәжірибиесінде көшбасшылық дағдыларды көрсете алады

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама мынадай 2 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) Білім саласында АКТ-ны қолдану.

2) АКТ-ның даму болашағы.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту әдістері және бақылау, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарлама мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: кейс-стади, пікірталас, ой-талқы, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) өзінің жеке кәсіби қызметінде жаңа білімді практикалық қолдану бойынша білік және дағды.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру ұйымдарымен бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Қазақстан
экономикасының негізгі
секторларындағы ақпараттық-
коммуникациялық
технологиялардың рөлі" білім
беру бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	Білім саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану				36
1.1	Ақпараттық-коммуникациялық технология саласындағы стандарттар	1	3		4
1.2	Компьютерлік жүйелер архитектурасы	1	3		4
1.3	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды әзірлеу. Операциялық жүйелер	1	3		4
1.4	Интернет технологиясы	1	3		4
1.5	Деректер базасы жүйесі	1	3		4
1.6	Желі және телекоммуникация	1	3		4

1.7	Практикалық тапсырма: Заманауи құралдар мен деректер базасын пайдалана отырып, интернет-сайтты әзірлеу			12	12
2	Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму болашығы				36
2.1	Киберқауіпсіздік	1	3		4
2.2	Адам-компьютермен өзара әрекеттесуі	1	3		4
2.3	Бұлттық және мобильдік технологиялар	1	3		4
2.4	Мультимедиялық және Smart-технология	1	3		4
2.5	Электрондық оқу, Е-технология. Электрондық бизнес	1	3		4
2.6	Кәсіби саладағы ақпараттық технологиялар. Индустриалдық ақпараттық-коммуникациялық технология	1	3		4
2.7	Практикалық тапсырмалар: Қазіргі заманғы құралдарды қолдану арқылы мобильдік қосымшаны әзірлеу			12	12
	Барлығы:	12	36	24	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
43 қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде өндірістік оқыту бойынша тәлімгерлердің тиімді қызметін ұйымдастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165/№ 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде өндірістік оқыту бойынша тәлімгерлердің тиімді қызметін ұйымдастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың (бұдан әрі – педагогикалық қызметкерлер) біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама ТЖКБ ұйымдарындағы дуалдық жүйені іске асыруға, өндірістік оқыту бойынша тәлімгерлер қызметінің тиімділігін және сапасын көтеру процесіне қатысып отырған ТЖКБ жүйесінің педагогикалық қызметкерлерін оқытуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты – ТжКБ ұйымдарындағы өндірістік оқыту бойынша тәлімгерлер болып табылатын педагогикалық қызметкерлердің практикалық білімдерін, машықтары мен дағдыларын, кәсіптік құзіреттіліктерін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру және тиімді қызметін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) ТжКБ жүйесінің қызметін реттейтін қолданыстағы білім саласындағы нормативтік құжаттарды пайдалануды білу және дағдылану;

2) ТжКБ ұйымдарының оқу-әдістемелік процесінде тиімді тәлімгерлікті ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерделеу;

3) тәлімгерлердің психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктерін қалыптастыру және кәсіби даму процестерін жандандыру.

4) тәлімгерлердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үшін практикаға бағытталған, ақпараттық-коммуникациялық білім беру технологияларын қолдану ;

5) аймақтық еңбек нарығының талаптары негізінде сала маманының кәсіптік құзіреттілігі моделін анықтау;

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Біліктілікті арттыру курсы аяқтағанда тыңдаушылар:

1) мыналарды:

ТжКБ жүйесінің қызметін реттейтін қолданыстағы білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттардың қолданылу ерекшеліктерін;

тәлімгердің педагогикалық этикасының негіздерін;

тәлімгерліктің шетелдік және қазақстандық озық тәжірибесін;

дуалдық оқыту жағдайында білім беру процесінде тиімді тәлімгерлікті ұйымдастырудың ерекшеліктерін;

студенттің (тәлім алушының) кәсіптік және жастық психологиясы, педагогикасы негіздерін және физиологиялық ерекшеліктерін;

студентті (тәлім алушыны) кәсіпорынға тарту және бекіту үшін уәждемелеу және ынталандыру құралдарын;

жоспарланған нәтижелерді критериалдық бағалау механизмін біледі;

2) мыналарды:

өндірістік оқытудың жұмыс оқу бағдарламаларын жасақтау және құрастыруды;

өндірістік оқыту бойынша тәлімгердің оқу-әдістемелік құжаттарының кешенін жасақтауды;

есеп беру үшін құжаттарды құрастыруды;

критериалдық бағалаудың әртүрлі моделдері мен құралдарын қолдануды істей біледі.

3) мыналарды:

тәлімгерлік процесін қамтамасыз ету үшін қажетті кәсіптік құзіреттіліктер мен дағдыларды;

тәлімгерліктің әртүрлі құралдарының практикалық қолданылуы әдістемелерін меңгереді;

4) мыналарды:

"Жұмсақ дағдыларды" (soft skills) (софт скилз) – коммуникативтік дағдыларды, сыни тұрғысынан ойлауды, келелі мәселелердің шешімін табу дағдысын, шығармашылық, топта жұмыс жасай білу, өзін-өзі ұйымдастыру, тайм-менеджментті, шиеленістерді шешу дағдысын және өзінің педагогикалық тәжірибиесінде көшбасшылық дағдыларды көрсете алады.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама мынадай 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) дуалдық оқыту жағдайында тәлімгерліктің тиімді қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері;

2) дуалдық оқыту жағдайында тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру;

3) тәлімгердің оқу-әдістемелік кешенін жасақтау әдістемесі;

4) студентті (тәлім алушыны) кәсіпорынға тарту және бекіту технологиялары;

5) жоспарланған нәтижелерді және студенттердің оқу жетістіктерін бағалау механизмдері.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру ұйымдарымен бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық с а б а қ, Семинар-тренинг	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"Дуалдық оқыту жағдайында тәлімгерліктің тиімді қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері" модулі	3	3		6
1.1	Кәсіпорындағы тәлімгер: міндеттері, құзіреттері	1	1		2
1.2	Тәлімгерліктің шетелдік және Қазақстандық озық тәжірибесі	1	2		3
1.3	Кәсіпорындағы өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін білім саласындағы нормативтік құқықтық база	1			1
2	"Дуалдық оқыту жағдайында тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру" модулі	5	9		14
2.1	Студенттің (тәлім алушының) кәсіби және жастық психологиясы, педагогикасы және физиологиялық ерекшеліктері негіздері	2	2		4
2.2	Тәлімгердің педагогикалық этикасы	1	1		2
2.3	Тәлімгерлік жағдайында өндірістік оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптар.	2	2		4
2.4	Жеке бас шеберлігін жетілдіру және еңбек дағдыларын қалыптасу механизмі	2	2		4
3	"Тәлімгердің оқу-әдістемелік кешенін жасақтау әдістемесі" модулі	7	13		20
3.1	Өндірістік оқытудың жұмыс оқу бағдарламасын жасақтау механизмі	2	4		6
3.2	Оқу-өндірістік жұмыстардың тізімін, оқу-әдістемелік кешенді жасақтау әдістемесі	2	4		6
3.3	Өндірістік оқытуды есепке алу журналы мен күнделікті жүргізу ережелері мен тәртібі	2	4		6
3.4	Тәлімгердің еңбек қызметі процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.	1	1		2
4	"Студентті (стажерді) кәсіпорынға тарту және бекіту технологиялары" модулі	4	10		14
4.1	Тәлім алушымен өзара қолайлы қарым-қатынас орнату	2	4		6
4.2	Теория мен практиканың өзара әсері. Технологиялық операцияларды жұмыс орнында орындау.	1	4		5
4.3	Студентті (стажерді) уәждемелеу және ынталандыру құралдары . Мансаптық өсудің дамуы.	1	2		3
5	"Жоспарланған нәтижелерді және студенттердің оқу жетістіктерін бағалау механизмдері" модулі	4	8		12
5.1	Жоспарланған нәтижелерді бағалау (критериалық, формативтік және қосынды бағалау)	2	4		6
5.2	Өндірістік оқыту бойынша тәлімгердің жұмысын бағалау	2	4		6
	Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде өндірістік оқыту бойынша тәлімгерлердің				

6	тиімді қызметін ұйымдастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасының оқытылған модульдері бойынша жобаны қорғау			6	6
	Барлығы:	23	43	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
44-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру процесіне IT-технологияларды енгізу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165/№ 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру процесіне IT-технологияларды енгізу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың (бұдан әрі – педагогикалық қызметкерлер) біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама педагогикалық қызметкерлерінің кәсіптік IT-құзыреттіліктерін дамыту және жетілдіруді, ТжКБ ұйымдарының білім беру процесіне инновациялық IT-технологияларды енгізуді қарастырған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты – алдыңғы қатарлы IT-технологияларын енгізуге негізделген, ТжКБ ұйымдарында білім беру процесін ақпараттандыруға бірыңғай тәсілдерді жүзеге асыру болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаттары:

1) IT-саласының және ақпараттандыру қызметінің сферасын реттейтін IT-саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамаларды зерделеу;

2) ТжКБ ұйымдарының оқу процесінде инновациялық IT-технологияларды енгізудің озық тәжірибесімен танысу;

3) педагогикалық қызметкерлердің біліктілік және кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру;

4) ТЖКБ ұйымдарының студенттерін оқыту процесін ынталандыратын IT-технологияларының озық әдістерін, электронды құралдарды және ресурстарды әзірлеу мен қолданудағы білім, іскерлік және дағдыға практикалық оқыту.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мыналарды:

IT-саласының және ақпараттандыру қызметінің сферасын реттейтін IT-саласындағы нормативтік құқықтық актілерді;

ТЖКБ ұйымдарының білім беру процесіне IT-технологияларды енгізудің нысандарын, принциптерін және әдістерін;

ТЖКБ ұйымдарының білім беру процесіне IT-индустрия инновацияларын енгізу механизмін;

Білім беру процесінде бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудың оң және теріс аспектілерін біледі;

2) мыналарды:

IT-технологияларды жүзеге асыру әдістерін тәжірибеде қолдануды;

Білім беру процесін жүзеге асыру үшін бағдарламалық құралдарды тәжірибеде қолдануды;

оқу-білім презентациясын әзірлеуді;

ТЖКБ ұйымдарында оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін бағдарламалық-аппараттық құралдарды, IT-технологияларды практикада қолдануды біледі;

3) мыналарды:

тиімді цифрлық контентті көрсетуде тәжірибелік дағдыларды;

IT-технологияларды тиімді қолдану үшін қажетті кәсіби құзіреттіліктерді меңгереді;

4) мыналарды:

"Жұмсақ дағдыларды" (soft skills) (софт скилз) – коммуникативтік дағдыларды, сыни тұрғысынан ойлауды, келелі мәселелердің шешімін табу дағдысын, шығармашылық, топта жұмыс жасай білу, өзін-өзі ұйымдастыру, тайм-менеджментті, шиеленістерді шешу дағдысын және өзінің педагогикалық тәжірибиесінде көшбасшылық дағдыларды көрсете алады.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама мынадай 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

- 1) IT-саласын және ақпараттық қызмет саласын реттейтін IT-саласындағы нормативтік құқықтық құжаттама;
- 2) ТЖКБ ұйымдарының білім беру процесіндегі IT-технологиялар;
- 3) IT-технологиялар негізінде білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету ;
- 4) заманауи IT-технология педагог портфолиосын әзірлеу құралы ретінде;
- 5) Screen Recorder (СкринРекордер) бағдарламасының көмегімен компьютер экранынан бейне жазбаны жасау.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту әдістері және бақылау, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарлама мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: кейс-стади, пікірталас, ой-талқы, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) өзінің жеке кәсіби қызметінде жаңа білімді практикалық қолдану бойынша білік және дағды.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру ұйымдарымен бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Техникалық және
кәсіптік білім беру
ұйымдарының білім беру
процесіне IT-технологияларды
енгізу" білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	"IT-саласын және ақпараттық қызмет саласын реттейтін IT-саласындағы нормативтік құқықтық құжаттама" модулі	4	2		6
1.1	IT-саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік саясат пен даму стратегиясының негізгі бағыттары	2	1		3
1.2	Білім беруге IT-саласының инновацияларын енгізудің озық тәжірибесі	2	1		3
2	"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру процесіндегі IT-технологиялар" модулі	5	5		10
2.1	Ақпараттық технологияны қолданудың үш аспектісі: зерттеу тақырыбы, оқыту құралы, оқу қызметін автоматтандыру құралы	1	1		2
2.2	Білім беру процесін технологияландыру және цифрландыру	1	1		2
2.3	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына IT-технологияларды енгізудің нысандары, принциптері мен әдістері	1	1		2

2.4	Электронды оқыту әдістерін әзірлеу және қолдану. TurboSite (ТурбоСайт) бағдарламасының мүмкіндіктері	2	2		4
3	"IT-технологиялар негізінде білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету" модулі	8	26		34
3.1	Moodle (Мудл) ортасы мысалында оқытуда қашықтық технологияларын қолдану әдістемесі	6	20		26
3.2	Дидактикалық материалдарды әзірлеу құралы. Prezi (Прези) бағдарламасымен жұмыс жасау	2	6		8
4	"Заманауи IT-технология педагог портфолиосын әзірлеу құралы ретінде" модулі	2	6		8
4.1	MS PowerPoint (ЭмЭс ПоверПоинт)бағдарламасындағы VCT (ВиСиТи) шаблон	2			2
4.2	MS PowerPoint бағдарламасында VCT (ВиСиТи) шаблонның негізінде педагогтың электрондық портфолиосын әзірлеу		6		6
5	"Screen Recorder (СкринРекордер) бағдарламасының көмегімен компьютер экранынан бейне жазбаны жасау" модулі	2	6		8
5.1	Screen Recorder (СкринРекордер) бағдарламасының ерекшеліктері мен мүмкіндіктері	2			2
5.2	Screen Recorder бағдарламасында тексеру жұмыстары		6		6
6	Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру процесіне IT-технологияларды енгізу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасының оқытылған модульдері бойынша жобаны қорғау			6	6
Барлығы:		21	45	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
45-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.07.2019 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі - ТЖКБ) педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың (бұдан әрі – педагогикалық қызметкерлер) біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) стандарттары бойынша өңірлік чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процессіне қатысатын ТЖКБ жүйесінің педагог қызметкерлерін оқытуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты ТЖКБ ұйымдарының білім беру процесіне оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін WorldSkills (ВорлдСкилз) халықаралық қозғалыс стандарттарына негізделген инновациялық әдістемелерді енгізу бойынша педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

1) WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарын пайдалана отырып, өңірлік чемпионаттар мен кәсіби шеберлік конкурстарын жобалау және ұйымдастыру әдістерін зерделеу;

2) WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша құзыреттілікті игеру деңгейін бағалау өлшемдеріне сәйкес конкурстық және бағалау тапсырмаларын әзірлеу;

3) ТЖКБ ұйымдарының білім беру үдерісінде WorldSkills (ВорлдСкилз) қозғалысының құралдарын пайдалану бойынша практикалық дағдылар мен іскерлікті дамыту және жетілдіру;

4) WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша чемпионаттар мен кәсіби шеберлік конкурстарының жұмысына қатысуға ТЖКБ ұйымдарының білім алушылары мен педагог қызметкерлерін даярлау бойынша практикалық дағдылар мен іскерлікті пысықтау.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мыналарды:

WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына негізделген оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың теориясы мен практикасын;

WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына негізделген кәсіптік білім беру мен оқытудың заманауи технологиялары мен әдістемелерінің мәні мен ерекшелігін;

WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша чемпионаттар мен кәсіби шеберлік конкурстарын дайындау мен ұйымдастырудың қазақстандық және шетелдік практикасының ерекшеліктерін біледі;

2) мыналарды:

чемпионатты және кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу алаңының талап етілетін стандарттарға сәйкестігін анықтауды, конкурстық алаңда сарапшылардың міндеттерін бөлуді және функцияларын анықтауды;

WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша чемпионаттар мен кәсіби шеберлік конкурстарын дайындау және ұйымдастыру бойынша жоспарлау және есеп беру құжаттамасын қалыптастыруды және толтыруды;

WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша чемпионатқа және кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу үшін білім алушыларды даярлаудың тиісті нысандары мен әдістерін таңдауды біледі.

3) ТЖКОБ ұйымдарында білім беру процесін тиімді ұйымдастыру және WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына сәйкес чемпионаттар мен кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу үшін қажетті білімдерді, дағдыларды және кәсіби құзыреттіліктерді меңгереді;

4) "жұмсақ дағдыларды" (soft skills) (софт скилз) - коммуникативті дағдыларды, сыни ойлауды, проблемаларды шешу дағдыларын, шығармашылықты, командада жұмыс жасау қабілетін, өзін-өзі ұйымдастыруды, уақытты басқаруды, жанжалдарды шешу дағдыларын және өз педагогикалық тәжірибесінде көшбасшылық дағдыларын пайдалануға дайындығын көрсете алады.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама 4 модульді меңгереді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама Модульдері:

1) WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) және WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) қозғалысының тарихы мен даму болашағы;

2) WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) және WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) стандарттарын ескере отырып WorldSkills

Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) чемпионаттарын өткізу ережелері.
WorldSkills (ВорлдСкилз) Этика кодексі;

3) нақты құзыреттер бойынша WorldSkills (ВорлдСкилз) чемпионатының конкурстық тапсырмаларын әзірлеу. CIS (СиАйЭс) жүйесінде жұмыс жасау;

4) WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) және WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) стандарттары бойынша чемпионаттардың тапсырмаларын бағалау ережесі. WSI (ВиЭсАй) ақпараттық жүйесінде жұмыс істеу.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту және бақылау әдістері, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарламаның мазмұны мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: case-study (кейс-стади), талқылаулар, миға шабуылдар, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама мазмұны екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) кәсіби қызметте қалыптасқан кәсіби құзыреттілікті практикалық қолдану.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушылар оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды. Жоба мынадай компоненттерден тұруы керек: жобаның негізгі кезеңдерін сипаттайтын презентация нысанында жобаның визиткалық картасы (тақырып, мақсаттар, міндеттер, нәтижелер) және әдістемелік пен дидактикалық материалдарға сілтемелер.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "WorldSkills
(ВорлдСкилз) стандарттары
бойынша аймақтық
чемпионаттарды ұйымдастыру
және өткізу процесінің негізгі
аспектілері" білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) және WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) қозғалысының тарихы мен даму болашағы" модулі	4			4
1.1	Әлемдегі WorldSkills қозғалысының тарихы, мақсаттары, міндеттері, миссиясы. Ресейде WorldSkills қозғалысының тәжірибесі. Негізгі терминдер. Глоссарий	1			1
1.2	WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) Стандарттары. WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) және WorldSkills (ВорлдСкилз) Ресей стандарттары бойынша чемпионатты ұйымдастыру және өткізу тәжірибесі	1			1
1.3	WorldSkills (ВорлдСкилз) қозғалысындағы Қазақстан. Қазақстандағы WorldSkills (ВорлдСкилз) қозғалысын дамытудың негізгі бағыттары. 2017-2020 жылдарға арналған WorldSkills (ВорлдСкилз) жобасын дамыту стратегиясы мен тұжырымдамасы	2			2
2	"WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) және WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) стандарттарын ескеге отырып WorldSkills Kazakhstan (	6	8		14

	ВорлдСкилз Казахстан) чемпионаттарын өткізу ережелері. WorldSkills (ВорлдСкилз) Кодекс этикасы" модулі				
2.1	WorldSkills (ВорлдСкилз) нормативтік реттеуші құжаттары (WSK ұйымдастыру комитеті туралы ереже, WorldSkills (ВорлдСкилз) қазақстандық жаттығу лагерін ұйымдастыру туралы ереже, 2017-2020 жылдарға арналған WorldSkills (ВорлдСкилз) жобасын дамыту тұжырымдамасы)	2	2		4
2.2	Тиісті стандарттарды ескере отырып WorldSkills (ВорлдСкилз) чемпионаттарын ұйымдастыру құрылымы мен өткізу ережелері	1			1
2.2.1	WorldSkills (ВорлдСкилз) чемпионаттарының құрылымы мен ережелеріне өзгерістер, ұсыныстар мен толықтырулар енгізу рәсімі		2		2
2.2.2	WorldSkills (ВорлдСкилз) халықаралық стандарттары мен регламенттерінің талаптарын ҚР МЖМБС және ҚР Кәсіби стандарттарымен үйлестіру	1			1
2.3	WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) чемпионатын өткізу ережесі		2		2
2.4	WorldSkills (ВорлдСкилз) чемпионатына қатысушылардың кодекс этикасы	2	2		4
3	"Нақты құзыреттер бойынша WorldSkills (ВорлдСкилз) чемпионатының конкурстық тапсырмаларын әзірлеу. CIS (СиАйЭс) жүйесінде жұмыс жасау" модулі	10	14		24
3.1	Модульдік-құзыретті тәсіл негізінде әзірленген WorldSkills (ВорлдСкилз) конкурстық тапсырмалары	2	2		4
3.2	Техникалық сипаттамаға сәйкес конкурстық тапсырманы орындау рәсімдері	2			2
3.3	WorldSkills (ВорлдСкилз) чемпионатын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспарын жобалау		2		2
3.4	Аймақта WorldSkills (ВорлдСкилз) чемпионатын өткізу үшін әдістемелік пакетті жасаудың ерекшеліктері мен тәжірибесі	2	2		4
3.5	Чемпионатқа қатысушылардың жетістіктерін критериалды бағалау механизмі. Құзыретіліктер (модульдер) бойынша бағалау жүргізу тәртібі	2			2
3.6	Құзыреттілік бойынша конкурстық тапсырма пакетін қалыптастыру		4		4
3.7	Құжаттаманың жоспарлы және есептік нысандарын толтыру бойынша практикалық дағдыларды пысықтау		4		4
3.8	Сарапшылар мен қатысушыларға тапсырмалардың мазмұнын білуге арналған тест тапсырмаларын құрастыру	2			2
4	"WorldSkills International (ВорлдСкилз Интернешнал) және WorldSkills Kazakhstan (ВорлдСкилз Казахстан) стандарттары бойынша чемпионаттардың тапсырмаларын бағалау ережесі. WSI (ВиЭсАй) ақпараттық жүйесінде жұмыс істеу" модулі	4	20		24
4.1	WSI (ВиЭсАй) қозғалысының негізгі терминдері. Чемпионатты ақпараттық қолдау жүйесін меңгеру (CIS) - 10 кадам. WorldSkills (ВорлдСкилз) веб-сайтын жасау	2			2

4.3	Чемпионатқа қатысушылардың нәтижелерін салыстыру бойынша толассыз он-лайн мониторинг жүйесі	2			2
4.4	CIS (СиАйЭс) құрылымы		2		2
4.5	CIS (СиАйЭс) орнату		2		2
4.6	Аутентификация		2		2
4.7	Бағаларды импорттау/экспорттау		2		2
4.8	Бағалау критерийлерін енгізу		2		2
4.9	Объективті аспектілерді енгізу		2		2
4.10	Төрешілік бағалауды енгізу		2		2
4.11	Бағалар енгізу		2		2
4.12	Хаттамаларды экспорттау		2		2
4.13	Бағаны бұғаттау		2		2
5	Бағдарламаның зерттелген модульдері бойынша портфолионды қорғау			6	6
	Барлығы:	24	42	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
46-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруге психологиялық-педагогикалық жетекшілік ету" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165/№ 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруге психологиялық-педагогикалық жетекшілік ету" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарындағы психологтарға, тәрбиешілерге арналған.

2. Бағдарлама инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда психология мен педагогикадағы жаңа жетістіктерге, заманауи ұстанымдарға негізделіп, ТЖКБ психологтарының кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты инклюзивті білім беруге педагогикалық-психологиялық тұрғыдан жетекшілік етуде ТжКБ психологтердің , тәрбиешілердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында және шет елдерде ТжКБ ұйымдарда инклюзивтік білім беруді реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін талдау және зерделеу;

2) дамуында әртүрлі бұзушылықтары бар студенттерді оқытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту және жүйелеу, жеке білім беру бағыттарын іске асыру және әзірлеуде психологиялық сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру;

3) инклюзивті білім беру субъектілерімен жұмыс жасауда психоконсультация , психотүзету нәтижелерін түсіндіру және психодиагностика әдістерін меңгеру;

4) ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді оқытуда қауіпсіз білім беру ортасын жобалау және психологиялық сараптама жүргізу дағдыларын қалыптастыру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

ТжКБ ұйымдарында инклюзивтік білім беруді реттейтін білім саласындағы білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді;

инклюзивті білім берудің теориялық және әдістемелік негізін;

түрлі бұзушылықтары бар студенттерді оқытуда психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін;

оқу-тәрбие процесіне педагогикалық-психологиялық жетекшілік етуді ұйымдастыру және оның мазмұнын;

2) қолданады:

ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді бейімдеу және оқыту, дамыту ерекшеліктерін зерделеуде психодиагностикалық әдістерді;

инклюзивті білім беру жағдайында психодиагностикалық тексеру нәтижелерін ұсыну және түсіндіру әдістерін;

ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді оқытуда қауіпсіз ортаны құруды жобалауды;

3) дағдыларын меңгереді:

ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерге психологиялық консультация берудің;

инклюзивті білім берудің барлық субъектілерімен жұмыс жасауда психотүзету.

ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің жеке білім беру бағдарын іске асыру және әзірлеу процесін психологиялық сүйемелдеу;

4) көрсетеді:

педагог-психологтың кәсіби қызметін түзету жағдайында компьютерлік және мультимедиялық өнімдермен жұмыс жасау дағдыларын.

4-тарау. Бағдарлама мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін осы Бағдарлама 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар;

2) кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері;

3) курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері;

4) жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;

5) вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану.

Модульдер мазмұнында осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгеріп отырады. Вариативті модуль тақырыбы тыңдаушылармен сауалнама жүргізу жолымен анықталады.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

11. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс тапсырмалары, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

12. Білім беру процесі күндізгі сабақтарды және өзіндік жұмыстарды жүргізуді, интерактивті әдістерді: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылауды қамтиды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

13. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамымен қорытынды бақылауға сәйкес бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді және курстың ОӘК енгізіледі.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Техникалық және
кәсіптік білім беру
ұйымдарында инклюзивті білім
беруге психологиялық-
педагогикалық жетекшілік ету"
тақырыбындағы білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Таңдау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Шеберлік сынып	Көшпелі практикалық сабақ
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Нормативтік құқықтық модуль: " Білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар"	2		2		2		
1.1	Инклюзивті білім беру бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде стратегиялық даму және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	2		2		2		
	Психологиялық-педагогикалық модуль: "Кәсіптік білім берудің							

2	психологиялық-педагогикалық негіздері"	4		4	2			
2.1	Дамуында түрлі бұзушылықтары бар студенттердің педагогикалық-психологиялық сипаттамсы	2		2				
2.2	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студентті оқу-тәрбие процесіне тиімді енгізуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдай	2						
2.3	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттер үшін жеке білім беру бағдарын әзірлеу мен іске асыруды психологиялық сүйемелдеу			2				
2.4	Түзету-дамыту сабақтарының мазмұнын "Өзін-өзі тану" пәнімен кіріктіру				2			
3	Мазмұндық модуль: "Курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері"	8		10	10	2	2	6
3.1	Инклюзивтік білім берудің теориялық және әдістемелік негіздері	2						
3.2	Оқу-тәрбие процесіндегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді енгізудің критерийлерін жобалау			2				
3.3	Қазақстан мен шетелде ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерге психологиялық-педагогикалық түзетімдерді қолдаудың заманауи жағдайы және үрдісі					2		
3.4	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің бейімделмеу себептері мен диагностикалау әдістерінің ерекшеліктері			4				
3.5	Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің бағыттарын анықтау мақсатында психодиагностикалық зерттеудің нәтижелерін ұсыну және түсіндіру әдістері			2				
3.6	Психотүзетімдік жұмыстардың заманауи теориясы мен бағыты	2						
3.7	Жекелей және топтық психотүзетімнің тәсілдері мен амалдары							4

3.8	Психотүзетімдік нәтижелерді бақылау және анықтаудың амалдары мен тәсілдері						2
3.9	Инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесіндегі субъектілерге психологиялық тұрғыдан кеңес	2			2		2
3.10	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда педагогикалық ұжымның психологиялық дайындығын қалыптастыру технологиясы				2		
3.11	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуші отбасыларына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің ерекшеліктері				4		
3.12	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді оқытуда қауіпсіз білім беру ортасын құруды жобалау және психологиялық сараптама	2		2			
3.13	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерге қатысты немқұрайлылық пен кемсітушілікті жою				2		
3.14	Жобаларды қорғау						
3.15	Қорытынды тестілеу						
4.	Технологиялық модуль: "Жаңа білім беру және акпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану"			14			
4.1	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттермен қашықтықтан оқыту технологиясы			4			
4.2	Педагог-психологтің жұмысындағы веб-сервистер			4			
4.3	Диагностикалық мәліметтерді өңдеу мен сараптауға арналған кестелік процессорлар			4			
4.4	Психологиялық-педагогикалық желілік қауымдастықпен және білім беру порталдарымен жұмыстың негіздері. Ғаламтор желісіндегі ашық білім беру ресурстары.			2			
5.	Вариативтік модуль: "Вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану"		8				
5.1	Жобалық қызмет - ерекше білім беруге қажеттілігі бар						

	студенттердің негізгі құзыреттілігін дамыту бойынша инновациялық технологиялары іспеттес							
5.2	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің өзін-өзі анықтау өмірлік әртүрлі жағдайларында бағдарлауға дайындығын дамыту							
5.3	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттермен жұмыс жасауда кәсіби өзін-өзі анықтауды жандандыру әдістері							
5.4	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттермен жұмыс жасауда арт-терапевтикалық техникасы							
5.5	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің эмоционалдық жағдайын түзету тәсілдері және диагностикасы							
5.6	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп жатқан отбасылармен жұмыстың каузометриясы							
5.7	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттермен жұмыс істейтін педагогтың эмоционалдық торығуын болдырмау							
5.8	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді тәрбиелеу және оқытуда психологиялық сүйемелдеу бойынша жұмысына педагог-психологтың кәсіби және тұлғалық дайындығы							
Барлығы:		14	8	30	12	4	2	6

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
47-қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының " Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында инклюзивтік білім беру ортасын жобалауда жалпы білім беру пәндері оқытушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында инклюзивтік білім беру ортасын жобалауда жалпы білім беру пәндері оқытушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТЖКБ) жалпы білім беру пәндері оқытушыларына арналған.

2. Бағдарлама ТЖКБ жалпы білім беру пәндері оқытушыларымен ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің табысты әлеуметтік бейімделуіне және инклюзивтік білім беру ортасын құруына бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, ТЖКБ барлық студенттерінің білім алуға бірдей мүмкіндігін қамтамасыз ететін инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру мәнінде жалпы білім беру пәндері оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерін дамыту

4. Бағдарлама міндеттері:

1) инклюзивтік білім беру жағдайында ТЖКБ ұйымдарының іс-әрекетін реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді оқып білу;

2) ерекше білім беруге қажеттілігі бар (бұдан әрі - ЕБҚБ) студенттің жеке дамуы үшін инклюзивтік білім беруді дамытудың мақсаты мен негізгі міндеттерін, принциптерін, тетіктері мен жағдайларын өзектендіру;

3) ТЖКБ ұйымының жалпы білім беру пәндері оқытушысының іс-әрекетінде ЕБҚБ студенттерге инклюзивтік білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру тетіктерін қарастыру;

4) ЕБҚБ студенттерді дамытудың оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялары негізінде инклюзивтік білім беру тетіктерін жүзеге асыруда жалпы білім беру пәндері оқытушысының дағдылары мен біліктерін дамыту;

5) жалпы білім беру пәндерінің оқытушысын ЕБҚБ студенттерге инклюзивтік білім беру принциптерін іске асырудың педагогикалық практикасының проблемаларын шешу бөлігінде білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

инклюзивтік білім беру жағдайында ТЖКБ ұйымдарының қызметін реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді;

ЕБҚБ студенттерді жеке дамыту үшін инклюзивтік білім беруді дамытудың мақсаты мен негізгі міндеттерін, тетіктері мен жағдайларын;

ТЖКБ ұйымның жалпы білім беру пәндері оқытушысының іс-әрекетінде ЕБҚБ студенттердің инклюзивтік білімін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асырудың тетіктерін;

ЕБҚБ студенттерді дамытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларының ерекшеліктерін;

2) қолданады:

инклюзивтік білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студентті дамытудың мақсатын, негізгі міндеттері мен күтілетін нәтижені тұжырымдауды;

ЕБҚБ студенттің жеке дамуының тетіктерін анықтауды;

ЕБҚБ студенттің жеке дамуының жағдайларын іріктеуді;

3) меңгереді;

табысты әлеуметтік бейімделу және білім алудың жағдайы ретінде ЕБҚБ студент үшін инклюзивтік білім беру ортасын жобалауды;

ЕБҚБ студенттерді дамытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларының негізінде сабақты жоспарлауды;

4) көрсетеді:

оқытушы мен ЕБҚБ студенттің, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы педагогикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру дағдыларын.

4-тарау. Бағдарлама мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін осы Бағдарлама 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар;

2) кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері;

3) курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері;

4) жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;

5) вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану.

Модульдер мазмұнында осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгеріп отырады. Вариативті модуль тақырыбы тыңдаушылармен сауалнама жүргізу жолымен анықталады.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

11. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс тапсырмалары, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

12. Білім беру процесі күндізгі сабақтарды және өзіндік жұмыстарды жүргізуді, интерактивті әдістерді: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылауды қамтиды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

13. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамымен қорытынды бақылауға сәйкес бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді және курстың ОӘК енгізіледі.

Педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
"Техникалық және кәсіптік білім
беру жағдайында инклюзивтік
білім беру ортасын жобалауда
жалпы білім беру пәндері
оқытушысының кәсіби

күзиреттілігін дамыту"
тақырыбындағы білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар	Дәріс	Таңдау сабағы	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Көшпелі практикалық сабақ	Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының таныстырылымы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Нормативтік құқықтық модуль : "Білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар"	2		2		2		
1.1.	Инклюзивті білім беру бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде стратегиялық даму және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	2		2		2		
2	Психологиялық-педагогикалық модуль: "Кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері"	2		2	4	2		
2.1.	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің психофизикалық дамуының ерекшеліктері	2						
2.2	Инклюзивтік білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық проблемасы ретінде білім беру процесінің қатысушыларының әлеуметтік, тұлғааралық кедергілері				2			
2.3	Білімді алу мен табысты әлеуметтік бейімделу жағдайы ретінде техникалық және кәсіптік білім беруде ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттер үшін оқытушымен инклюзивтік, түзету-дамытушы білім беру ортасын құру					2		
	Техникалық және кәсіптік білім беруде ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерін							

2.4	психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: түзету-педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік көмек, қолдау			2				
2.5	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерге инклюзивтік білім беруді жүзеге асыруға жалпы білім беру пәндері оқытушысының дайындығы				2			
3	Мазмұндық модуль: "Курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері"	8		12		10	6	6
3.1	Заманауи білім берудің гуманистік парадигмасы мәнмәтінінде инклюзивтік білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері	2						
3.2	Инклюзивтік кәсіптік білім беру аясындағы әлемдік тәжірибенің даму жетістіктері мен үдерістері					2		
3.3	Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беруді дамытудың тұжырымдамалық ұстанымдары	2						
3.4	Инклюзивтік білім берудің қағидаттары					2		
3.5.	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы инклюзивтік білім берудің тиімділігін бағалау индикаторлары			2				
3.6	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді оқытудың жеке-сараланған тәсілі					2		
3.7	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студент үшін инклюзивтік білім беру ортасын жобалау			2				
3.8	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студент пен оқытушы, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында педагогикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру			2				

3.9	Сабақты жоспарлаудың заманауи тәсілдері: коллаборативтік орта, саралап оқыту, формативті бағалау жүйесі	2				2		
3.10	Студенттің ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беруде сабақтарды жоспарлау			2		2	2	
3.11	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің инклюзивтік білім беру жағдайында жалпы білім беру пәндері бойынша сабақтардың орта мерзімді жоспарлануы	2		2			2	
3.12	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің инклюзивтік білім беру жағдайында жалпы білім беру пәндері бойынша сабақтардың қысқа мерзімді жоспарлануы			2			2	
3.13	Шағын оқыту							6
4	Технологиялық модуль: "Жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану"	2		6	2	4		
4.1	Б. Блум оқыту мақсаттары таксономиясы негізінде сыни тұрғысынан ойлау технологиялары			2		2		
4.2	Сабақта маман-дефектологпен жалпы білім беру пәндері оқытушысының өзара әрекеттесуін ұйымдастыру				2			
4.3	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің әлеуметтік бейімделу тетігі ретінде жобалау, сабақтан тыс зерттеу іс-әрекеті			2				
4.4	Инклюзивтік білім беруде сандық білім беру ресурстарын қолдану ерекшеліктері	2						
4.5	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерді оқытуда қашықтықтан білім беру технологиясы					2		

4.6	Электрондық білім беру контентін жобалау технологиясы			2				
5	Вариативтік модуль: вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану		8					
5.1	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің кәсіби өздігінен анықталу мен кәсіби бағытталу құралы ретінде бейінді білім берудің вариативтік компонентінің бағдарламасын әзірлеу							
5.2	Студенттердің жобалау, зерттеу іс-әрекетін тьюторлық сүйемелдеу							
5.3	Студенттердің сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың заманауи ұстанымдары							
5.4	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың критериалдық жүйесі							
5.5	Жалпы білім беру пәндерін оқыту процесінде оқушыларды бейінді оқыту							
5.6	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студентті әлеуметтеу мен тәрбиелеу процесінде отбасының рөлі							
5.7	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттермен жұмыс жасап жатқан педагогтың эмоционалдық торығуының алдын алу							
5.8	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттердің өзін-өзі анықтау өмірлік әртүрлі жағдайларында бағдарлауға дайындығын дамыту							
Барлығы:		14	8	22	6	18	6	6

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
48-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165/№ 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарының әлеуметтік педагогтеріне арналған.

2. Бағдарлама әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, білім берудің инновациялық дамуының өзекті мәселелері туралы білім алуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты ТЖКБ жүйесіндегі әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

- ТЖКБ ұйымдарда инклюзивтік білім беруді реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық актілермен таныстыру;

- психологиялық-педагогикалық зерттеудің ерекшелігін және әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекеттесудегі жанжалдарды сындарлы шешу дағдыларын меңгеру бойынша кәсіби деңгейлерін арттыру;

- әлеуметтік педагог қызметінің негізгі бағыттарымен, ТЖКБ ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік педагог жұмысының инновациялық нысандарымен таныстыру;

- оқу - тәрбие процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдану бойынша әлеуметтік педагогтердің құзыреттілігін дамыту;

- инклюзивтік білім беруді шетелдік тәжірибесімен және Қазақстанда ТЖКБ жаңғыртудың заманауи үрдістерімен таныстыру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде қолданылатын білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді;

2) қолданады:

инновациялық-кәсіптік, арнайы психологиялық-педагогикалық зерттеулер ұйымдастыруды;

ТжКБ тәрбиелеу және білім беру аясында пайдаланылатын диагностикалық әдістемелер қолдану;

әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекеттесуде жанжалдарды сындарлы шешу дағдыларын;

3) дағдыларын меңгереді:

әлеуметтік-педагогикалық қызметінің;

заманауи білім беру және АКТ технологияларын;

4) көрсетеді:

әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жобалау, психологиялық-педагогикалық қолдауына бақылау және сараптама өткізу дағдыларын.

4-тарау. Бағдарлама мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін осы Бағдарлама 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар;

2) кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері;

3) курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері;

4) жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;

5) вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану.

Модульдер мазмұнында осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгеріп отырады. Вариативті модуль тақырыбы тыңдаушылармен сауалнама жүргізу жолымен анықталады.

[illegible]

1.1	Инклюзивті білім беру бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде стратегиялық даму және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	2		2		2			
2	Психологиялық-педагогикалық модуль: "Кәсіптік білім б е р у д і ң психологиялық-педагогикалық негіздері"	4			6				
2.1	Психологиялық-педагогикалық проблемаларды шешудің тиімді әдістері әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметке дайындығының элементі ретінде: Позитивті психология және жалпы педагогика	2			2				
2.2	Техникалық және кәсіптік білім беру командада жұмыс істеуді ұйымдастырудың психологиялық аспектілері				2				
2.3	А.Маслоу бойынша адами уәждеме теориясындағы тапшы және дамушы тұлғаның мәселелері	2		2					
3	Мазмұндық модуль: "Курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері"	8		16	4	4	4	6	
3.1	Жасөспірімдік кезеңде тұлғаны қалыптастыруда бірегейлестіру мәселелері, әлеуметтік агенттердің маңызы (әлеуметтендіру әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде)	2		2	2				
3.2	Студенттермен жұмыс жасауда әлеуметтік педагогтің қызметін моделдеу							6	
3.3	Әлеуметтік педагогты атестаттау мәселесі. Әлеуметтік педагогтің студенттермен жұмыс жасауға нормативтік кәсіби және тұлғалық дайындығы	2		2					
3.4	Дарынды оқушыларымен жұмыстың ерекшелігі. Студенттердің (тәрбиеленушілердің) талантын					4	4		

	, ақыл-ой және физикалық қабілеттерін сабақтан тыс дамытуға жағдай жасау							
3.5	Әлеуметтік педагогтің студенттердің әлеуметтік қалыптасуындағы және әлеуметтік-еңбекпен бейімдеудегі іс-әрекет. Студенттерді әлеуметтік қорғау мәселелері.	2		2				
3.6	Техникалық және кәсіптік білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесі және жеке-саралау тәсілін қолдану			2	2			
3.7	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытудың заманауи аспектісінің бірі ретінде сыни тұрғыдан ойлауға үйрету	2		2				
3.8	Техникалық және кәсіптік білім беруде әлеуметтік педагог қызметінде жоба әдісін пайдаланудың ерекшеліктері			4				
3.9	Техникалық және кәсіптік білім беруде әлеуметтік педагогтің кәсіби-тұлғалық өсу жағдайында рефлексивті әдісті қолдану тәжірибесі			2				
4	Технологиялық модуль: "Жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану"			8	4			2
4.1	Техникалық және кәсіптік білім беруде әлеуметтік педагогтердің ақпараттық коммуникациялық технологияларын қолдану құзыреттерін қалыптастыру			4				
4.2	Әлеуметтік педагог жұмысындағы заманауи білім беру технологиялары. Мінез-құлық тренингі: теориясы және практикасы (бейне материалдармен жұмыс мәдениетін қалыптастыру теориясы мен практикасы)				4			2

4.3	Техникалық және кәсіптік білім беруде студенттер мен олардың тәлімгерлерінің арасында кәсіби-ғаламтор қоғамдастығын құруы және тәжірибесі			4					
5	Вариативтік модуль: вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану	2	2	2	2				
5.1	Дуальды оқыту: Германия, Сингапурдың іс-тәжірибесі	2	2	2	2				
5.2	Дуальды оқыту жағдайында студенттерге қойылатын білім беру және кәсіптік талаптар								
5.3	Студенттерді тәрбиелеуде өмірлік құндылықтары қалыптастыру мәселелері								
5.4	Техникалық және кәсіптік білім беруде студенттерді белсенді оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі								
5.5	Еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кадрларды дайындаудың дуальды жүйесін енгізудегі әлеуметтік педагогтің рөлі								
5.6	Техникалық және кәсіптік білім беруде қашықтықтан оқыту технологияларының мүмкіндіктері								
5.7	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі әлеуметтік педагогінің өздік білім алуы								
Барлығы:		14	2	28	16	8	4	6	2

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
49-қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "
Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында инклюзивтік білім беру
ортасын жобалауда арнайы пәндер оқытушысының кәсіби құзыреттілігін
дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165/№ 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында инклюзивтік білім беру ортасын жобалауда арнайы пәндер оқытушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарының арнайы пән оқытушыларына арналған.

2. Бағдарлама арнайы пәндер оқытушыларының инклюзивті білім беруді іске асыру үшін қазіргі заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану жөніндегі жеке білім беру бағдарламасын құруға, арнайы цикл пәндерінен оңтайлы педагогикалық маршруттарды жобалауға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты – студенттердің ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып арнайы пән мұғалімдерінің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда заманауи тәсілдерді қолдану бойынша кәсіби құзіреттілігін арттыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) ТжКБ-де инклюзивті процесті реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;

2) ТжКБ арнайы пәндері бойынша даралап және саралап оқытуды ескере отырып бағдарламалар мен оқу жұмыс жоспарларын дайындау әдістемесімен таныстыру;

3) ТжКБ ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерінің инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша кәсіби білімі мен құзіреттілігін жетілдіру;

4) арнайы пәндер бойынша жеке білім беру бағдарламаларын құрастыру және педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясы мен дағдысын қалыптастыру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, ТЖКБ инклюзивті білім беруді реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарын;

ТЖКБ инклюзивті білім беру принциптерін;

инклюзивті білім беруде алдыңғы қатарлы қазақстандық және шетелдік тәжірибелерді;

ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып арнайы пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарларын дайындау және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша педагогикалық түзету жұмыстарының мазмұны мен жоспарлау ерекшелігін;

2) қолданады:

ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып арнайы пәндер бойынша педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу, түзете дамыта оқытуды қолдану, қашықтықтан оқыту технологиясын;

ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып арнайы пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен жеке бағдарламаларды дайындауда әртүрлі технологиялар мен тәсілдерді;

арнайы пәндер бойынша ерекше білім беру қажеттілігін ескере отырып жеке білім беру бағдарламасын құрастыруды;

ерекше білім беруге қажеттілігі бар (бұдан әрі - ЕБҚБ) студенттер үшін арнайы пәндер бойынша оңтайлы педагогикалық бағытты жобалауды;

арнайы пәндер бойынша білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқу әдістемелік кешенін әзірлеуді;

оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау моделін;

3) дағдыларын меңгереді:

арнайы пәндер бойынша білімгердің жеке дамуының мониторингін жүргізу, оқу жұмыс жоспарлары мен жеке білім беру бағдарламасын құрастыру;

4) көрсетеді:

арнайы пәндерді жүргізуде педагогикалық қызметтің қарқынды болуы жағдайында оқу үдерісінде компьютерлік және мультимедиялық өнімдермен жұмыс істеу дағдыларын.

4-тарау. Бағдарлама мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін осы Бағдарлама 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

- 1) білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар;
- 2) кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері;
- 3) курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері;
- 4) жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;
- 5) вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану.

Модульдер мазмұнында осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгеріп отырады. Вариативті модуль тақырыбы тыңдаушылармен сауалнама жүргізу жолымен анықталады.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

11. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс тапсырмалары, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

12. Білім беру процесі күндізгі сабақтарды және өзіндік жұмыстарды жүргізуді, интерактивті әдістерді: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылауды қамтиды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

13. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамымен қорытынды бақылауға сәйкес бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді және курстың ОӘК енгізіледі.

курстарының "Техникалық және
кәсіптік білім беру жағдайында
инклюзивтік білім беру ортасын
жобалауда арнайы пәндер
оқытушысының кәсіби
құзыреттілігін дамыту"
тақырыбындағы білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

[illegible]

3.1	Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесі	2							
3.2	Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен принциптері	2			2				
3.3	Инклюзивті білім беру ортасы мен компоненттері	2				2			
3.4	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді оқытуда жеке-саралау тәсілін қолдану			2	2				
3.5	Студенттердің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып арнайы пәндер бойынша оқу жоспарын құрудың ерекшеліктері			4					
3.6	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді арнайы пәндерді оқытудың тиімді тәсілдері	2		2	2				
3.7	Кәсіпорында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді оқыту және өндірістік практиканы ұйымдастыру	2		2	2				
3.8	Кедергісіз ортаны құру ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің білім беру кеңістігіне қосылу шарты ретінде						6		
3.9	Жоспарлау түрлері: ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді. Сабақты мақсатты тұжырымдау.			2					
3.10	Оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жоспарлау. Сабақ жоспарларын талдау және көрсету.								4
4.	Технологиялық модуль: "Жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану"			2	6	4			
4.1	Техникалық және кәсіптік білім беруді модернизациялау жағдайында арнайы пәндер бойынша педагогтердің ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігі				2	2			
	Арнайы пәндер бойынша Ерекше білім беру қажеттілігі								

4.2	бар студенттерді қашықтықтан оқыту технологиясы			2	2				
4.3	Техникалық және кәсіптік білім беруде арнайы пән сабақтарында оңтайлы және smart – оқыту (Self Monitoring Analysis and reporting technology – Селф Анализис энд Рипотинг Текнолоджи)				2	2			
5.	Вариативтік модуль: "Вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану"		8						
5.1	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттермен жұмыс істейтін оқытушылардың эмоционалдық торығуын болдырмау								
5.2	Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда Блум таксономиясы табысты оқытуды бағалау әдістемесі ретінде		4						
5.3	Инклюзивті білім беруде арнайы пәндерді оқуда студенттердің жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру								
5.4	Қазіргі заманғы еңбек нарығының жағдайына кәсіптік бағдарлау								
5.5	Дарынды студенттермен жұмыс								
5.6	Инклюзивті оқыту жағдайында білім беру ортасын қалыптастырудың және интерактивті технологияларды ("кейс- әдісі", "портфолио") қолданудың ерекшеліктері								
5.7	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымындағы студенттердің оқу жетістіктерін критериялық бағалау жүйесі								
5.8	Педагогтердің ғаламтор-қоғамдастықта өзара әрекеті кәсіби құзіреттілікті арттырудың шарты ретінде								
	Барлығы:	14	8	20	16	8	6	2	4

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттер үшін техникалық және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттер үшін техникалық және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім (бұдан әрі – ТЖКБ) беру ұйымдарының басшыларына арналған.

2. Бағдарлама инклюзивті білім берудің педагогикалық- ұйымдастырушылық негіздерін, психологиялық-педагогикалық қолдауды, түзете отыра дамыту мен оқыту технологияларын пайдалануды, ерекше білім беруге қажеттілігі бар (бұдан әрі – ЕБҚБ) студенттерге арналған оңтайлы білім берудің педагогикалық бағыттарын жобалау бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби-басқарушылық құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты ЕБҚБ студенттердің білім беруге тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін арнайы жағдайды құру мен ұйымдастыру бойынша ТЖКБ ұйымдары басшыларының кәсіби құзырлылығын дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) инклюзивті білім берудің теориялық негіздерімен, ТЖКБ ұйымдарында инклюзивті білім берудің білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен таныстыру;

2) инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша кәсіби білім беру деңгейін көтеру;

3) ТЖКБ ұйымдарындағы ЕБҚБ студенттердің жұмысын ұйымдастыру әдісімен, олардың қажеттіліктерін ескере отырып бейімдеу ортасын құру ерекшелігімен таныстыру;

4) оқу-тәрбие процесін модификациялау мен бейімдеу, ЕБҚБ студенттердің дамуын қадағалау мен бағалау әдістері мен түрлерін қолдану жұмыстары бойынша дағдыны дамыту;

5) ТжКБ ұйымдарының білім беру кеңістігінде инклюзивті білім беруде әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық технологияларды қолдану шеберлігін қалыптастыру;

6) ЕБҚБ студенттердің оқу жетістігін бағалауда критериалды бағалаудың инновациялық тәсілдерін қолдану бойынша білігін қалыптастыру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

инклюзивті білім берудің заңнамалық базасын, теориялық негіздерін ЕБҚБ студенттерді оқытумен айналысатын ТжКБ ұйымдарындағы нормативтік құқықтық актілерді;

студенттердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып арнайы жағдайларын жасау бойынша педагогикалық түзету жұмыстарының мазмұны мен жоспарлау ерекшелігін және студенттердің оқу жетістіктерін критериалды бағалауға қойылатын талаптарды;

2) қолданады:

психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-сауықтыруды сүйемелдеу, түзете-дамыта оқыту технологиясын, жеке білім беру бағдарламасын құрастыруды, білім алуда қиындығы бар балаларға оңтайлы педагогикалық маршрутты жобалауды;

3) меңгереді:

ТжКБ жүйесінде жүйесінде студенттерді даярлау тәжірибесі арқылы кәсіптік білім беру сапасын көтеру дағдылары мен нысандарын.

4) көрсетеді:

кәсіби қызметінде компьютерлік және мультимедиялық өнімдермен жұмыс жасау дағдыларын.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін осы Бағдарлама 6 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

- 1) білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамаларға және оқылатын пәнге сәйкес;
- 2) басшылардың басқару және кәсіби құзыреттерін жетілдіру;
- 3) кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері;
- 4) оқылатын пәннің мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері;
- 5) жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;
- 6) вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану.

Модульдер мазмұнында осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгеріп отырады. Вариативті модуль тақырыбы тыңдаушылармен сауалнама жүргізу жолымен анықталады.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

11. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс тапсырмалары, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

12. Білім беру процесі күндізгі сабақтарды және өзіндік жұмыстарды жүргізуді, интерактивті әдістерді: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылауды қамтиды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

13. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамымен қорытынды бақылауға сәйкес бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді және курстың ОӘК енгізіледі.

Педагог кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Ерекше білім
беруге қажеттілігі бар
студенттер үшін техникалық
және кәсіптік білім берудің
қолжетімділігін қамтамасыз ету"
тақырыбындағы білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Таңдау дәрісі	Практикалық сабақ	Тренинг	Семинар	Шеберлік сыныбы	Көшпелі практика сабақ
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Нормативтік құқықтық модуль: "Білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар"	6						
1.1	Инклюзивті білім беру бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде стратегиялық даму және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	6						
2	Басқарушылық модуль: "Басшылардың басқару және кәсіби құзыреттерін жетілдіру"	12		2	6			
2.1	Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыруда педагогикалық ұжымды басқару: жоспарлау, бақылау	2						
2.2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерге техникалық және кәсіптік білім алуға қол жеткізу үшін қойылатын талаптар				2			
2.3	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін арнайы білім беру жағдайларын анықтау және ұйымдастыру				2			
2.4	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерге арналған оқу жоспарының түзету компонентін іске асыру ерекшелігі	2			2			
2.5	Инклюзивті білім беру педагогтың кәсібилігінің жаңа типі: әдістемелік және педагогикалық қызметін басқару							
2.6	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді қолдауда және білім беру ортасына бейімдеуде және білім беру ұйымы басшысының рөлі	4						
2.7	Инклюзивті білім беруде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында	4						

	еңбек ресурстарын дайындау ерекшеліктері							
2.8	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін дуальды жүйені енгізу тұрғысынан техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының қызметі		2					
3	Психологиялық-педагогикалық модуль: "Кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері"		4	2	4			
3.1	Ақыл кемістігі, бар, көру, есту, сөйлеу қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, ерте аутизмі бар студенттердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері				2			
3.2	Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері				2			
3.3	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің оқу-тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық қолдау		2	2				
3.4	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерге педагогтардың әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттесу түрі		2					
4	Мазмұндық модуль: "Курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері"	2	4	6	4	4		
4.1	Нақты жұмыс орындарында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді кәсіби оқыту (оқу жоспары, бағдарламалар) тиімділігінің критерийі			4				
4.2	Инклюзивті білім беруді жүзеге асырушы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесіне бейімделу және модификациялау		2			2		
4.3	Өндірістік оқытуды ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер, критериялы бағалау негізінде кәсіби оқыту мен оқытудың белсенді формалары	2		2				
4.4	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін жеке білім беру бағыттын әзірлеу мен жүзеге асыру		2		2			
4.5	Инклюзивті білім беру жағдайында Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында заманауи өндірістік технологияларды қолдану					2		

4.6	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді оқыту бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басқару және педагогикалық құрамын кәсіби даярлау мен қайта даярлау				2		
5	Технологиялық модуль: "Жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану"		6		2		6
5.1	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін оқу жоспарының түзету компонентін іске асыру технологиясы						6
5.2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың мүмкіндіктері		2				
5.3	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану		2				
5.4	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді әлеуметтік-сауықтыруды сүйемелдеу				2		
5.5	Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында мобильді, қашықтықтан және смарт оқыту		2				
6	Вариативтік модуль: "Вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану"	8					
6.1	Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби даярлау пәндерін оқыту ерекшеліктері						
6.2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттермен түзетімдік-педагогикалық жұмыс						
6.3	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді оқытуды ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер						
6.4	Инклюзивті білім беру жағдайында еңбек нарығын талдаудағы техникалық және кәсіптік білім беру қажеттілігі						
6.5	Инклюзивті білім беру жағдайында еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кадрларды даярлаудың дуальды жүйесін енгізу						
6.6	Түзету компоненттерін іске асыру үшін техникалық және кәсіптік білім беру мұғалімдері арасында заманауи технологияларды енгізуді ұйымдастыру және басқару						
6.7	Түзету компоненттерін іске асыру үшін оқыту мақсаттары таксономиясының түрлі моделі (Б.Блум, И.Я.Лернер), "						

	Толық меңгеру теориясы" Б. Блум. " Білімді меңгеру деңгейлері" И.Я.Лернер пайдалану							
6.8	Инклюзивті білім беру жағдайында кластерлік тәсіл әлеуметтік әріптестік ұстаным ретінде							
	Барлығы:	20	8	16	14	10	4	6

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
51-қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру пәндері бойынша оқыту процесін жобалау" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру пәндері бойынша оқыту процесін жобалау" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТжКБ) жалпы білім беру пәндері оқытушыларына арналған.

2. Бағдарлама білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесіндегі жобалаудың өзгерістерін таныстыруға, білім сапасын жақсарту мақсатында сабақты жоспарлау және ұйымдастыруда оқытушылардың құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты - білім беру мазмұнын жаңарту контекстінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша жалпы білім беретін пәндердің оқытушыларының құзыреттігін қалыптастыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім беру мазмұнын жаңарту бойынша білім саласындағы нормативтік құқықтық актілермен таныстыру;

2) жобалау үшін жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес оқу материалдары мен жаңа тәсілдерді үйрету;

3) жеке іс-әрекеттегі оқыту негізінде оқу процесін құрылымдауда оқытушылардың әдістемелік құзыреттілігін кеңейту;

4) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында критериалды бағалау жүйесін жетілдіру;

5) тыңдаушылардың АКТ құзыреттіліктерін қалыптастыру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) біледі:

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді;

оқу үдерісінің тұжырымдамалық және әдістемелік жобалау ерекшеліктерін;

2) істей алады:

инновациялық білім беру технологиясын қолдануды, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру үдерісін жобалауды;

жоспарлаудың жаңа түрлерінің және мақсаттарының жүйесі негізінде оқу үдерісін құрылымдауды және ұйымдастыруды;

3) дағдыларын меңгереді:

жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында критериалды бағалауды қолдану;

4) көрсетеді:

оқу-тәрбие үдерісінде компьютерлік және мультимедиялық өнімдермен жұмыстану дағдысын.

4-тарау. Бағдарлама мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін осы Бағдарлама 5 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар;

2) кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері;

3) курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері;

4) жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;

5) вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану.

Модульдер мазмұнында осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль 2 сағаттан 8 сағатқа дейін өзгеріп отырады. Вариативті модуль тақырыбы тыңдаушылармен сауалнама жүргізу жолымен анықталады.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

11. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс тапсырмалары, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

12. Білім беру процесі күндізгі сабақтарды және өзіндік жұмыстарды жүргізуді, интерактивті әдістерді: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылауды қамтиды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

13. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамымен қорытынды бақылауға сәйкес бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді және курстың ОӘК енгізіледі.

Педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
"Білім мазмұнын жаңарту
шеңберінде жалпы білім беру
пәндері бойынша оқыту
процесін жобалау"
тақырыбындағы білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыптары	Дәрістер	Таңдау дәрісі	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Көшпелі практикалық сабақ	Дөңгелек үстел	Шығармалар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Нормативтік құқықтық модуль : "Білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттамалар"	4				2			
1.1	Инклюзивті білім беру бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде стратегиялық даму және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	4				2			
2	Психологиялық-педагогикалық модуль: "Кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері"	6		4					
2.1	Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту жағдайында педагогтардың кәсіби дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	2							
2.2	Техникалық және кәсіптік білім беруде оқытушысының әлеуметтік-психологиялық тәсілдемелері.	2							
2.3	Жалпы білім беретін пәнді оқыту жағдайында оқу процесін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері			2					
2.4	Тиімді оқытушының кәсіби-тұлғалық характеристикалары мен құзыреттіліктері	2		2					
3	Мазмұндық модуль: "Курстың мазмұны және теориялық әдістемелік негіздері"	10		14	8		4	2	2
3.1	Пәндік салалары мен жоспар түрлерінің тұжырымдамалық және әдістемелік жаңаруының ерекшеліктері				2				
3.2	Білім сапасын жетілдіру аясында сабақты жобалаудың			2					2

	кезеңдері мен критерийлері, қысқа мерзімді жоспарлау								
3.3	Білім беру процесін жобалау мен ұйымдастырудың жаңа тәсілдері: белсенді оқыту формалар, зерттеу әдістері мен құралдары	2		2					
3.4	Білім беру мазмұнын жүйелі түрде жаңарту аясында оқыту нәтижелерін бағалауда критериалды тәсілдерді жоспарлау, кері байланыс			2				2	
3.5	Саралап оқытудың теориялық негіздері мен әдістемелік аспектілері	2		2					
3.6	Білім беру мазмұнын жаңарту аясында инновациялық процестердің тиімділігіне қол жеткізу үшін қолданатын рефлексия			2					
3.7	Білікті мамандарды даярлаудағы сыни ойлау стратегияларының ерекшеліктері			4					
3.8	Арнайы және жалпы білім беру пәндерінің пәнаралық байланысы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау сапасын жетілдіру құралы ретінде	2			2				
3.9	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының эмоционалды ой-өрісінің даму технологиясы				2				
3.10	Мақсатты қою әдістемесі. SMART (SMART) технологиясы бойынша қойылған мақсат пен қарапайым мақсаттың айырмашылығын табу	2							
3.11	Заманауи педагогикалық технологиялардың теориялық негіздері						4		
3.12	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде тьюторлық қолдауды ұйымдастыру	2			2				
3.13	Педагогтің кәсіби құзыреттілігін анықтау (кіріс және шығыс тестілеу)								

4	Технологиялық модуль: "Жаңа білім беру және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану"	2		10	2				
4.1	STEM (СТЕМ)-технологияларды, ғылыми сауаттылықты, ойлап тапқыштық дағдыларын және жаңашылдықты дамыту арқылы сабақтарды құрастыру			4					
4.2	Блум таксономиясы - сабақ мазмұнын меңгертудің тиімді тәсілі	2		2					
4.3	Ақпараттық коммуникациялық технологияларды, мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы оқу сабақтарын құрылымдау ерекшеліктері			2					
4.4	Google (гугл) - сервистерінің мүмкіндіктерін жалпы білім беретін сабақтарында қолдану			2					
4.5	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқушылардың жоба жұмысын орындау дағдыларын қалыптастыру				2				
5	Вариативтік модуль: "Вариативтік компоненттер әдістемесін қолдану"		8						
5.1	Біліктілікті арттыру жүйесіндегі смарт технологиялардың рөлі								
5.2	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде тұлғаға-бағыттап оқыту								
5.3	Проблемаға бағытталған оқыту . Case-study (кейс-стади) әдісінің пайда болуы мен даму тарихы								
	Барлығы:	22	8	28	10	2	4	2	2

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
52-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Спорттық ойындар кәсіби-қолданбалы дене дайындығы құралы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.04.2018 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Спорттық ойындар кәсіби-қолданбалы дене дайындығы құралы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарының дене тәрбиесі оқытушыларына (бұдан әрі – оқытушылар) арналған.

2. Бағдарлама ТЖКБ жүйесінің дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби құзреттіліктерінің сапасын арттыруға және жетілдіруге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты оқытушылардың ТЖКБ ұйымдарында дене шынықтыру оқу процесін, сауықтыру мен спорттық жұмыстарды осы саладағы заманауи әдістер мен тәсілдер негізінде іске асыру бойынша теориялық және практикалық білімін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру тетіктері туралы білімді жүйелеу;

2) оқытушыларды дәстүрлі түрде өткізілетін дене шынықтыру сабағындағы проблемалармен таныстыру;

3) оқу-тәрбие үдерісіне кәсіби-қолданбалы сипаттағы жаңа тиімді дене шынықтыру әдістері мен спорттық жаттығуларды енгізуге қолдау көрсету;

4) дене шынықтыру сабағын жаңа технологияларды пайдалана отырып жоспарлауға және өткізуге арналған оқытушылардың білімін, дағдыларын қалыптастыру;

5) дене шынықтыру сабақтарында және спорт секцияларында медициналық-биологиялық бақылау әдістерін меңгеру;

6) оқытушылардың дене шынықтыруда және спортта оқу-тәрбиесі үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық құзыреттілігін пайдалануын қалыптастыру.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курсты аяқтағанда тыңдаушылар:

1) мыналарды:

оқытушының білім беру қызметін реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды;

білім алушылардың дәрігерлік биологиялық ерекшеліктерін;

білім алушылардың оқыту үдерісінде жаңа білім беру технологияларын қолдану механизмін біледі;

2) мыналарды:

оқу-әдістемелік материалдарды талдау және қазіргі заманғы білім беру жағдайында пәннің ресурстық қамтамасыз етуін;

ұзақ мерзімді жоспарды құрастыруды, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды ұзақ мерзімді жоспардың мақсатына сәйкес пайдалануды;

білім алушылардың денсаулық жағдайын, функционалдық мүмкіндіктері мен физикалық көрсеткіштерін тексеру сынақтарын өткізуді;

кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану дағдысын біледі;

3) мыналарды:

студенттердің оқу жетістіктерін бағалау өлшемдерін пайдалану дағдыларын;

оқу-әдістемелік кешенін құрастыру дағдыларын;

білім алушылардың кәсіптік дайындығына арналған инновациялық әдістер дағдыларын меңгереді;

4) педагогикалық тәжірбиесінде (soft skills) "жұмсақ дағды" қолдануға дайын - коммуникативтік дағды, сыни ойлау, проблема шешу дағдысы, креативтік, командада жұмыс істеу іскерлігі, өзін ұйымдастыру, тайм-менеджмент, жан-жалды шешу, қол басшылық қасиеттерін көрсету.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама 7 модульден тұрады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) дене шынықтыру оқытушысының қызметін реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар;

2) кәсіптік білімнің психологиялық-педагогикалық негіздері;

- 3) жаңа технологияларды қолдана отырып, дене шынықтыру пәндерін ұйымдастыру және өткізу әдістемесі;
- 4) кәсіби –қолданбалы дене дайындығын (КҚДД) құрастыру әдістері;
- 5) дәрігерлік-биологиялық ақпаратын өңдеу әдістері;
- 6) ақпараттық-коммуникативтік технологиясын қолдану үлгілері мен әдістері;
- 7) вариативтік компоненттер әдістерін қолдану.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Біліктілікті арттыру курстары осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары бойынша 72 академиялық сағат бойынша ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту әдістері және бақылау, оның ішінде қашықтықтан оқытуды оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, практикалық жұмыс, шеберлік сыныптар, шағын сабақтың таныстырылымы, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар, спорттық жаттықтырушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ таныстырылымы, қорытынды тестілеу өткізіледі.

14. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

15. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар, спорттық жаттықтырушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Спорттық
ойындар кәсіби-қолданбалы
дене дайындығы құралы" білім
беру бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыптары	Дәріс	Практикалық сабақ	Шеберлік сынып	Шағын сабақтардың таныстырылымы	Тест қабылдау	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Модуль: "Дене шынықтыру оқытушысының қызметін реттейтін білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар"	2					2
1.1	ТЖБК жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың және даму стратегиясының негізгі бағыттары	2					2
2	Модуль: "Кәсіптік білімнің психологиялық-педагогикалық негіздері"	2	2				4
2.1	Жаңа білім парадигмасы	1					1
2.2	Спортта өзін-өзі реттеу және психологиялық көмек көрсету тренингтері	1	2				3
3	Модуль: "Жаңа технологияларды қолдана отырып, дене шынықтыру пәндерін ұйымдастыру және өткізу әдістемесі"	4	2			2	8
3.1	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі үдерісін ұйымдастырудың инновациялық педагогикалық тәсілдері	2					2
3.2	Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру мен денсаулық сақтауды ұйымдастырудың заманауи талаптары	2					2

3.3	Спорттық жарыстар ұйымдастырудың жаңа жүйелері мен төрешілік әдістері		2				2
4	Модуль: "Кәсіби –қолданбалы дене дайындығын (КҚДД) құрастыру әдістері"	5	30	2	2		39
4.1	Кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі мақсаты мен міндеттері. Жалпы және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының қатынасы. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы құралдары	2					2
4.2	Баскетбол ойыны бойынша қазіргі талаптағы оқу-жаттығу процесі. Оқыту негіздері. Жалпы және арнайы педагогикалық оқыту принциптері. Дене дайындығы: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Техникалық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Тактикалық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Психологиялық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Аралас дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Баскетбол ойынының техника-тактикасын меңгеру дайындығын бағалау мөлшерлері	1	10				11
4.3	Волейбол ойыны бойынша қазіргі талаптағы оқу-жаттығу процесі. Оқыту негіздері. Жалпы және арнайы педагогикалық оқыту принциптері. Дене дайындығы: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Техникалық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Тактикалық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Психологиялық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Аралас дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Волейбол ойынының техника-тактикасын меңгеру дайындығын бағалау мөлшерлері	1	10				11
	Футбол ойыны бойынша қазіргі талаптағы оқу-жаттығу процесі. Оқыту негіздері. Жалпы және						

4.4	арнайы педагогикалық оқыту принциптері. Дене дайындығы: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Техникалық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Тактикалық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Психологиялық дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Аралас дайындық: мақсат, міндеттер, құралдар мен әдістер. Футбол ойынының техника-тактикасын меңгеру дайындығын бағалау мөлшерлері	1	10				11
5	М о д у л ь : Дәрігерлік-биологиялық ақпаратын өңдеу әдістері"	8					8
5.1	Дене шынықтыру сабақтарында студенттердің денсаулығының жай-күйін, функционалдық мүмкіндіктерін және физикалық көрсеткіштерін тексеру әдістері	2					
5.2	Спорттық секциялардағы студенттерді дәрігерлік және биологиялық бақылау	2					
5.3	Артық салмақты студенттердің дене жүктемесі мен тамақтануы	2					
5.4	Белсенді демалыс іс-шараларын колледж студенттерінің денсаулығын жақсарту құралы ретінде пайдалану (физикалық жұмыс қабілетін жоғарлату және резервтік мүмкіндіктері бар жүктемелердің ғылыми-әдістемелік негіздемесі)	2					
6	М о д у л ь : Ақпараттық-коммуникативтік технологиясын қолдану үлгілері мен әдістері"	4	2				6
6.1	Педагогикалық процестегі заманауи ақпараттық технологиялар: plickers, sahoot қызмет көрсету	2					2
6.2	Видео материалдарды өңдеу әдістемесі және оларды презентацияда пайдалану технологиясы (ISPRING PRO)	2	2				4
7	Модуль: "Вариативтік компоненттер әдістерін қолдану"	5					5

7.1	Туристiк жорықтыр ұйымдасытру әдiстерi	1					1
7.2	Фитнес бағдарламаларды студенттердiң дене шынықтыру практикасында қолдану	2					2
7.3	Бейiмделген дене шынықтыру әдiстерi	1					1
7.4	Дене тәрбиесi кезiнде жарақаттану мен жазатайым оқиғаларға дейiнгi жарақаттанудың алдын – алу және алғашқы көмек көрсету. Еңбек жұмыстарын орындау кезiнде өндiрiстiк жарақаттанудың алдын-алу	1					1
8	Тыңдаушылардың бiлiм жетiстiктерiн қорытындылау						
	Барлығы:	30	36	2	2	2	72

Қазақстан Республикасы
Бiлiм және ғылым министрiнiң
мiндетiн атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
53-қосымша

Педагогика кадрларының бiлiктiлiгiн арттыру курстарының "Техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру ұйымдарында модульдiк-құзыреттiлiк тәсiлдi iске асыру барысында оқу процесiн жобалау және ұйымдастыру" тақырыбындағы бiлiм беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Бiлiм және ғылым министрiнiң 25.07.2019 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

1-тарау. Кiрiспе

1. Педагогика кадрларының бiлiктiлiгiн арттыру курстарының "Техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру ұйымдарында модульдiк-құзыреттiлiк тәсiлдi iске асыру барысында оқу процесiн жобалау және ұйымдастыру" тақырыбындағы бiлiм беру бағдарламасы (бұдан әрi - Бағдарлама) техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру (бұдан әрi - ТжКБ) ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерi мен оларға теңестiрiлген адамдардың (бұдан әрi – педагогикалық қызметкерлер) бiлiктiлiгiн арттыру курстарын өткiзуге арналған.

2. Бағдарлама ТжКБ жүйесінің модернизациялау негізгі бағыттарының мақсаты мен міндеттерін іске асыруға қатысып отырған ТжКОБ ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерін оқытуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты ТжКБ ұйымдарында модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқу процесін жобалау мен ұйымдастыру бойынша педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген ТжКБ білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және енгізу шеңберінде оқыту әдістерін және оқу сабақтарын жобалау нысандарын зерттеу;

2) модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген ТжКБ білім беру бағдарламаларын игерілуін бақылау мақсатында өткізілетін аралық және қорытынды аттестацияны өткізуге арналған тексеру сынақтарының қазіргі заманғы түрлерін әзірлеу;

3) модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде ұйымдастырылған білім беру процесінің ерекшеліктерін ескерілуімен қатаң есептегі құжаттарды жүргізуде және білім туралы құжаттарды толтыруда практикалық дағдылар мен қабілеттерін тәжірибе жүзінде қолдану;

4) оқу сабақтарын жүргізу тиімділігі мен сапасын жоғарылату мақсатында кәсіби қызметте педагогикалық қызметкерлердің ақпараттық технология құралдарын пайдалануда тәжірибелік дағдылары мен қабілеттерін дамыту және жетілдіру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) мыналарды:

модульдік-құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында инновациялық оқыту әдістерін қолданудың теориясы мен тәжірибесін (модульдік оқыту, жобалық технология, case-study (кейс-стади), коучинг, рөлдік және іскерлік ойындар, контекстік оқыту, проблемалық әдіс, ситуациялық есептер, кері байланыс немесе рефлексия);

модульдік-құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында оқытудың заманауи формалары мен құралдарын пайдалануымен пәндерді/модульдерді оқытудың мәні мен ерекшелігін;

оқытушының кәсіби қызметінде ақпараттық технологиялар құралдарын және бағдарламалық өнімдерді пайдалану ерекшеліктерін біледі;

2) мыналарды:

модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген ТжКБ білім беру бағдарламаларын игеру нәтижелері бойынша аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу үшін тексеру сынақтарын құрастыруды;

ТжКБ ұйымдарының білім беру қызметінде қолданылатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысандарын модульдік-құзыреттілік тәсіл ерекшеліктерін ескере отырып толтыруды;

оқыту процесінде сабақ тапсырмаларын орнату және шешу үшін тиісті ақпараттық технологияларды таңдай біледі;

3) ТжКБ ұйымдарында модульдік-құзыреттілік тәсіл ерекшеліктерінің ескерілуімен тиімді оқыту процесін ұйымдастыру үшін қажетті дағдылар мен кәсіби құзыреттерді меңгереді;

4) "жұмсақ дағдыларды" (soft skills) (софт скилз) - коммуникативті дағдыларды, сыни ойлауды, проблемаларды шешу дағдыларын, шығармашылықты, командада жұмыс жасау қабілетін, өзін-өзі ұйымдастыруды, уақытты басқаруды, жанжалдарды шешу дағдыларын және өз педагогикалық тәжірибесінде көшбасшылық дағдыларын пайдалануға дайындығын көрсете алады.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама 4 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген ТжҚБ бағдарламаларын іске асыру және енгізу шеңберінде оқу сабақтарын жүргізу әдістері мен жобалау нысандары;

2) модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген ТжҚОБ бағдарламаларын игерілуін бақылау үшін өткізілетін аралық және қорытынды аттестацияны өткізуге арналған тексеру сынақтарының қазіргі заманғы түрлері;

3) модульдік-құзыреттілік тәсілдеме ерекшеліктерін ескере отырып қатаң есептегі құжаттарды жүргізудің және білім туралы құжаттарды толтырудың теориясы мен тәжірибесі;

4) оқу сабақтарының тиімділігі мен өткізу сапасын арттыру мақсатында кәсіби қызметте ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту және бақылау әдістері, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарламаның мазмұны мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: case-study (кейс-стади), талқылаулар, миға шабуылдар, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама мазмұны екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) кәсіби қызметте қалыптасқан кәсіби құзыреттілікті практикалық қолдану.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды. Жоба мынадай компоненттерден тұруы керек: жобаның негізгі кезеңдерін сипаттайтын презентация нысанында жобаның визиткалық картасы (тақырып, мақсаттар,

міндеттер, нәтижелер) және әдістемелік пен дидактикалық материалдарға сілтемелер.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру ұйымдарында
модульдік-құзыреттілік тәсілді
іске асыру барысында оқу
процесін жобалау және
ұйымдастыру" тақырыбындағы
білім беру бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ , Семинар	Жобаны корғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"Модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген ТЖКБ бағдарламаларын іске асыру және енгізу шеңберінде оқу сабақтарын жүргізу әдістері мен жобалау нысандары" модулі	10	20		30
1.1	Модульдік құзыреттілік тәсілді енгізудегі инновациялық оқыту әдістері (модульдік оқыту, жобалық технология, case-study (кейс-стади), рөлдік және іскерлік ойындар, контекстік оқыту, проблемалық әдіс, ситуациялық есептер, кері байланыс немесе рефлексия)	2	4		6
1.2	Модульдік-құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында түрлі оқыту нысандары мен әдістемелік амалдардың қолдануымен жаңа оқу материалдарын оқу сабағын жобалау	2	4		6
1.3	Модульдік-құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру жағдайында түрлі оқыту нысандары мен әдістемелік амалдардың қолдануымен білім, білік және дағдыны жетілдіру сабағын жобалау кезінде қолданылатын оқыту нысандары мен құралдары	2	4		6
1.4	Модульдік-құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру жағдайында түрлі оқыту нысандары мен әдістемелік амалдардың қолдануымен құрамдастырылған сабақты жобалау	2	4		6
1.5	Модульдік-құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру жағдайында түрлі оқыту нысандары мен әдістемелік амалдардың қолдануымен білім, білу және дағдыны қадағалау мен түзеу сабағын жобалау	2	4		6
2	"Модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген ТЖКБ бағдарламаларын игерілуін бақылау үшін өткізілетін аралық	4	6		10

	және қорытынды аттестацияны өткізуге арналған тексеру сынақтарының қазіргі заманғы түрлері" модулі				
2.1	Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме ерекшеліктерінің ескерілуімен білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау , аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің қағидалары	2	3		5
2.2	Модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген ТжКБ бағдарламаларын игерілуін бақылау үшін өткізілетін аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуге арналған тексеру сынақтарының мысалдары	2	3		5
3	"Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме ерекшеліктерінің ескерілуімен қатаң есептегі құжаттарды жүргізудің және білім туралы құжаттарды толтырудың теориясы мен тәжірибесі" модулі	6	10		16
3.1	Модульдік құзыреттілік тәсіл ерекшеліктерінің ескерілуімен сабақ кестесін жоспарлау	2	2		4
3.2	Модульдік құзыреттілік тәсіл ерекшеліктерінің ескерілуімен ТжКБ ұйымдарына арналған теориялық және өндірістік оқытуды есепке алу журналдарын жүргізудің ережесі мен тәртібі	1	2		3
3.3	ТжКБ ұйымдарында емтихан ведомосін, білім алушының үлгерім кітапшасын толтыру тәртібі	1	2		3
3.4	Кәсіптік даярлық туралы куәлікті толтыру және беру ерекшеліктері	1	2		3
3.5	Модульдік-құзыреттілік тәсіл ерекшеліктерінің ескерілуімен ТжКБ туралы дипломдар бланкісін және оларға қосымшаларды толтыру ерекшеліктері	1	2		3
4	"Оқу сабақтарының тиімділігі мен жүргізу сапасын жоғарылату мақсатында кәсіби қызметте ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану" модулі		10		10
4.1	Электронды білім беру ресурстарын құру: менталды карталар, интерактивті плакаттар мен жаттығулар, сөздік бұлтты, тег бұлтты, Kahoot (Кахут), Quizlet (Куизлет), Prezi (Прези), Sway (Свэй) интерактивті бейсызықты презентациялар		4		4
4.2	Оқытушы жұмысында Web-ресурстарды қолдану: Web-квест технологиясы, сандық сторителлинг, Screencast (Скринкаст), Google Forms (Гугл Форме), Picktochart (Пикточарт)		4		4
4.3	Интернет арқылы байланысты ұйымдастыру ерекшеліктері: Skype (Скайп), вебинар, конференц-байланыс		2		2
5	Бағдарламаның оқытылған модульдері бойынша жобаны қорғау			6	6
	Барлығы:	20	46	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
54-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Мобильді робототехника жүйелерін WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына сәйкес әзірлеу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.07.2019 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Мобильді робототехника жүйелерін WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына сәйкес әзірлеу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі - ТЖКБ) ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың (бұдан әрі – педагогикалық қызметкерлер) біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама, білім беру үдерісінде, ғылыми және практикалық жұмыста, өздігінен білім алу және басқа да мақсаттарға заманауи технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін педагогикалық қызметкерлердің робототехникалық жүйесін әзірлеу саласындағы кәсіби ІТ-құзыреттіліктерін қалыптастыруға, дамытуға және жетілдіруге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша арнайы пәндер оқытушыларының робототехникалық жүйесін әзірлеу саласындағы кәсіби ІТ (ай-ти) -құзыреттіліктерін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру, заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандарды даярлау үшін білім беру процесінде WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарын қолдану болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) LabVIEW (ЛабВЮ)бағдарламалау ортасын зерттеу;
- 2) автоматтандырылған жинау және өңдеу жүйесінің жұмыс принциптерімен танысу;
- 3) педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін және кәсіби құзыреттілігін арттыру;

4) өлшеу жабдығымен жұмыс істеу және LabVIEW(ЛабВЮ) функциясын пайдалану, жабдықтың жұмысына жауап беретін практикалық машығы мен дағдысы;

5) myRIO (май РИО) контроллерімен жұмыс істеу, EuroSkills (евро скилз) және WorldSkills Championship (ВорлдСкилз Чемпионшип) жарыстарына арналған робот техникасы бойынша жабдықтардың ресми жиынтығына кіретін әртүрлі датчиктер мен элементтерді қосу практикалық машығы мен дағдылары.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) мыналарды:

LabVIEW (ЛабВЮ) бағдарламалау ортасын;

аяқталған кешенді қосымшаларды әзірлеу принциптерін;

дербес компьютер негізінде құрылған деректерді жинау жүйесінің жұмыс принциптерін біледі;

2) мыналарды:

есептерді анықтауды, қосымшаларды әзірлеудің дұрыс сызбасын таңдауды, деректердің қажетті құрылымын пайдалануды және өз тәсілінің жұмысқа қабілеттілігін тез тексеруді;

білім беру және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру үшін NI (НИ) бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді практикада қолдануды біледі;

3) мыналарды:

NI (НИ) виртуалды аспаптармен және өлшеу жабдықтарымен жұмыс істеу дағдысы мен практикалық іскерліктері;

myRIO (май РИО) контроллерімен жұмыс істеудің практикалық іскерліктері мен дағдыларын меңгереді;

4) "жұмсақ дағдыларды" (soft skills) (софт скилз) - коммуникативті дағдыларды, сыни ойлауды, проблемаларды шешу дағдыларын, шығармашылықты, командада жұмыс жасау қабілетін, өзін-өзі ұйымдастыруды, уақытты басқаруды, жанжалдарды шешу дағдыларын және өз педагогикалық тәжірибесінде көшбасшылық дағдыларын пайдалануға дайындығын көрсете алады.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама 4 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

- 1) LabVIEW (ЛабВью) бағдарламалау ортасы;
- 2) NI (НИ) мобилді робототехника.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту және бақылау әдістерін қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарламаның мазмұны мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: case-study (кейс-стади), талқылаулар, миға шабуылдар, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама мазмұны екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) кәсіби қызметте қалыптасқан кәсіби құзыреттілікті практикалық қолдану.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды. Жоба мынадай компоненттерден тұруы керек: жобаның негізгі кезеңдерін сипаттайтын презентация нысанында жобаның визиткалық картасы (тақырып, мақсаттар, міндеттер, нәтижелер) және әдістемелік пен дидактикалық материалдарға сілтемелер.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Мобильді
робототехника жүйелерін
WorldSkills (ВорлдСкилз)
стандарттарына сәйкес әзірлеу"
тақырыбындағы білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ , Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"LabVIEW (ЛабВЮ) бағдарламалау ортасы" модулі	8	22	6	36
1.1	LabVIEW (ЛабВЮ) Core (Коре) 1 бағдарламалау ортасы бойынша кіріспе курсы	3	1		4
1.2	LabVIEW (ЛабВЮ) виртуалды аспаптарымен жұмыс		2		2
1.3	LabVIEW (ЛабВЮ) Core (Коре) 2 бағдарламалау ортасы бойынша кіріспе курсы	2			2
1.4	Аяқталған кешенді қосымшаларды әзірлеу принциптері	1	3		4
1.5	LabVIEW (ЛабВЮ)- де дұрыс бағдарламалау техникасын қарастыру	1	3		4
1.6	Жеке орындалатын қосымшаларды құру	1	3		4
1.7	DataSocket (Дата Сокет) технологиясын, деректерді жазу мен оқудың кеңейтілген мүмкіндіктерін, желі бойынша деректерді беру құралдарын және қателерді өңдеу функцияларын оқып үйрену.		4		4
1.8	Практикалық тапсырма: Дербес компьютер негізінде құрылған деректерді жинау жүйесінің жұмыс принциптері. NI_DAQmx(НИ ДАК макс) драйверінің бағдарламалық интерфейсінің көмегімен аналогты және сандық дабылдарды енгізу/шығару бағдарламалау, синхрондау және сигналдарды өңдеу.		6		6
1.9	Модуль бойынша қорытынды тапсырма			6	6

2	"NI(НИ) Мобилді робототехника" модулі	1	29	6	36
2.1	Базалық элементтер (LabVIEW (ЛабВЮ), жоба терезесі (Project Explorer) (Прожек Эхплорер) , VI (вай), бет тактасы, блок-диаграмма)	1	3		4
2.2	Деректер ағынының принципі, деректер түрлері. MyRIO (май РИО) -мен жұмысты бастау (қосу, БҚ орнату, бірінші жоба) . Wi – FI (вай-фай) бойынша қосылу, myRIO (май РИО) -ның IP (ай-пи) мекен-жайы. Ендік-импульстік модуляция. Тіркелген айналу Сервоприводы. тұрақты айналу Сервоприводы. Басып алуды құрастыру, басып алуды басқару. Sharp-инфрақызыл қашықтық сенсоры . LabVIEW While (ЛабВЮ Уайл), For (Фор)-дағы бағдарламалық құрылымдар (циклді орындау жиілігі, Итерация арасындағы деректерді беру, Шартты оператор) Distributed System Manager (Дистрибютед систем менеджер) утилиттері (басқа бағдарламаларды пайдалануды және компьютермен жұмысты жеңілдететін бағдарламалар) арқылы MyRIO (май РИО) БҚ жүктеу демонстрациясы Жөндеу және кателерді іздеу әдістері Subvi (Сув Вай) арқылы модульдік. SubVI (Сув Вай) арқылы серводвигатель жасау, ИҚ сенсоры. Басып алу және ИҚ сенсорымен жұмыс тәжірибесі		8		8
2.3	Н - көпірдің жұмысы MyRIO Motor Controller Board (Май РИО Мотор Контроллер Б о р д) д р а й в е р і Инкрементті бұрылыс бұрышының датчигі Қозғалтқышты басқару SubVI (Сув Вай) қозғалтқыш жасау, бұрыш датчигі Мобильді робот шассиін құрастыру, қозғалтқыштарды қосу Алға жылжу тәжірибесі П-реттеуші		6		6
2.4	Жобаның құрылымы, main.vi (Майн вай), subvi(Сув Вай),, TestVIs (Тест Вайс) қалталары I2C, MEMS (МЕМС) датчиктер Гироскоп, стандартты мысал SubVI (Сув Вай) гироскоп жасау Нөлдік деңгейдегі Дрейф Гироскоп бойынша бұрылу		6		6
2.5	Ж е л і датчигі Т е ж е у а в т о м а т С о ң ғ ы Деректер құрылымы (массивтер, массивтермен жұмыс істеу функциялары, кластерлер, Type Definitions) (Тип дефинишенс) , For (Фор) бағдарламалық құрылымы Мобильді робот бағдарламасын жасау Брифингтің қорытынды тапсырмасы		6		6
2.6	Қорытынды тапсырма, сынақ			6	6
	Барлығы:	9	51	12	72

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Электронды құрылғыларды WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына сәйкес әзірлеу және бағдарламалау негіздері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.07.2019 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Электронды құрылғыларды WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына сәйкес әзірлеу және бағдарламалау негіздері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі - ТЖКБ) педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың (бұдан әрі – педагогикалық қызметкерлер) біліктілігін арттыру курстарын өткізуге арналған.

2. Бағдарлама педагогикалық қызметкерлердің кәсіби IT-құзыреттілігін дамыту мен жетілдіруді, осы құзыреттілікті оқыту процесінде қолдануды қарастырады, сондай-ақ алған білімдері мен дағдыларын халықаралық жарыстар үшін де және жұмыс берушілердің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келетін кадрларды даярлау үшін де, болашақ мамандарды даярлауда пайдалануды көздейді.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты - қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандарды даярлау үшін білім беру процессіне WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарын қолдану, педагог қызметкерлердің электроника саласындағы кәсіби IT-құзыреттілігін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) электрониканың негізгі принциптерін, электрониканың құрамдас элементтерін зерттеу;

2) күшейткіштердің көп сатылы және арнайы схемаларымен танысу, генераторлар және импульсті қалыптастырушылар, сандық электроника;

3) педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін және кәсіби құзыреттілігін арттыру;

4) "Электроника" құзыреттілігі бойынша EuroSkills (ЕвроСкилз) және WorldSkills (ВорлдСкилз) жарыстарына арналған электрониканы прототиптеудің практикалық іскерліктері мен дағдылары.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) мыналарды:

баспа платаларды, процессорларды, чиптерді, электрондық жабдықтарды, сондай-ақ аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді;

орнатылған жүйелерді C бағдарламалау тілінің көмегімен және Integrated development environment (интигрейт дивелопмент инвайэрэнмент) бағдарламалар жүйесімен бағдарламалауды біледі

2) мыналарды:

базалық электрондық элементтер үшін шағын модификацияларды құрастыруды;

автоматтандырылған жобалау бағдарламасының көмегімен баспа платасының сызбасын құруды;

баспа платаларының схемаларын жинауды, сондай-ақ прототип жасауды; ақаулықтың себептерін анықтау және оны жоюды;

құрастыру, сондай-ақ тұрақты ток қозғалтқышы, желдеткіш моторы, соленоид, болт, гайкалар, шайбалар және т. б. Сол сияқты механикалық бөлшектерді пайдалануды біледі.

3) мыналарды:

орнатылған жүйелерді C бағдарламалау тілінің көмегімен және Integrated development environment (интигрейт дивелопмент инвайэрэнмент) бағдарламалар жүйесімен бағдарламалауды біледі;

қол құралдары және дәнекерлеуші көмегімен ақаулы немесе дұрыс жұмыс істемейтін схемалар мен электрондық компоненттерді түзетуді және ауыстыруды ;

автоматтандырылған жобалау бағдарламасының көмегімен толық сұлбаларды әзірлеуді меңгереді.

4) мыналарды:

"жұмсақ дағдыларды" (soft skills) (софт скилз) - коммуникативті дағдыларды, сыни ойлауды, проблемаларды шешу дағдыларын, шығармашылықты, командада

жұмыс жасау қабілетін, өзін-өзі ұйымдастыруды, уақытты басқаруды, жанжалдарды шешу дағдыларын және өз педагогикалық тәжірибесінде көшбасшылық дағдыларын пайдалануға дайындығын көрсете алады.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама екі негізгі компонент бойынша оқытуға бағытталған – практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес тыңдаушыда кәсіби білімді, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру үшін Бағдарлама 4 модульді меңгеруді және оларды меңгеру бойынша жобаны қорғауды қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

- 1) Аппараттық қамтамасыз етуді әзірлеу;
- 2) Кіріктірілген жүйелерді бағдарламалау;
- 3) Ақауларды диагностикалау, жөндеу және өлшеу;
- 4) Бөлшектерді құрастыру.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

9. Бағдарлама бір немесе екі апталық теориялық және практикалық оқытуға есептелген. Екі апталық курстың ұзақтығы 72 сағатты, апталық курстың ұзақтығы 36 сағатты құрайды. Білім беру процесі осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

10. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру әртүрлі технологиялар, нысандар, тәсілдемелер, оқыту және бақылау әдістерін қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Білім беру процесін іске асырудың нысандары мен әдістері

11. Бағдарламаның мазмұны мынадай интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды: case-study (кейс-стади), талқылаулар, миға шабуылдар, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс немесе рефлексия.

12. Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыру күндізгі (теориялық және практикалық) және (немесе) қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қарастырады.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

13. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту мен бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі.

Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектісінен тұрады: оқыту үшін бағалау (формативті бағалау) және оқуды бағалау (суммативті бағалау).

14. Бағдарлама мазмұны екі негізгі өлшемшарт негізінде бағалауды қарастырады:

- 1) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну;
- 2) кәсіби қызметте қалыптасқан кәсіби құзыреттілікті практикалық қолдану.

15. Курс барысында және соңында тыңдаушыларды формативті және суммативті бағалау жүргізіледі.

16. Біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша тыңдаушы оқыған модульдері бойынша жобаны жеке немесе топпен қорғайды.

17. Тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы және Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Электронды
құрылғыларды WorldSkills
(ВорлдСкилз) стандарттарына
сәйкес әзірлеу және
бағдарламалау негіздері"
тақырыбындағы білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ , Семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	"Аппараттық қамтамасыз етуді әзірлеу" модулі	4	10		14
1.1	Базалық электрондық элементтер үшін шағын модификацияларды құрастыру	1	2		3
1.2	Автоматтандырылған жобалау бағдарламасының көмегімен толық схеманы әзірлеу	2	2		4
1.3	Автоматтандырылған жобалау бағдарламасының көмегімен баспа платасының схемасын құру	1	2		3
1.4	Схемалар мен баспа платаларын құрастыру, сондай-ақ прототип жасау		4		4
2	"Кіріктірілген жүйелерді бағдарламалау" модулі	4	18		22
2.1	Баспа платалары, процессорлар, чиптер, электрондық жабдықтар, сондай-ақ аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету	1	4		5

2.2	С бағдарламалау тілі және Integrated development environment (интегрированный дивелопмент инвайэрэнмэнт) бағдарламалар жүйесі арқылы кіріктірілген жүйелерді бағдарламалау	3	14		17
3	"Ақауларды диагностикалау, жөндеу және өлшеу" модулі	4	10		14
3.1	Ақаулықтың себептерін анықтау және оны жою	1	2		3
3.2	Қол құралдары және дәнекерлеуші көмегімен ақаулы немесе дұрыс жұмыс істемейтін схемалар мен электрондық компоненттерді түзету және ауыстыру	2	4		6
3.3	Стандартты тестілеу жабдығының көмегімен электрондық модульдерді тексеру және жылдам әрекетті бағалау үшін нәтижелерді талдау және түзету қажеттілігін анықтау	1	4		5
4	"Бөлшектерді құрастыру" модулі	4	12		16
4.1	Құрастыру, сондай-ақ тұрақты ток қозғалтқышы, желдеткіш моторы, соленоид, болт, гайкалар, шайбалар және т. б. сияқты механикалық бөлшектерді пайдалану	2	2		4
4.2	Кабелдерді қысу және сөгу	1	5		6
4.3	Беттік монтаждау бөлшектері мен бөлшектерінің әр түрлі типтерін құрастыру және пайдалану	1	5		6
	Қорытынды тапсырма, сынақ			6	6
	Барлығы:	16	50	6	72

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
56-қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңарту жағдайында информатика сабақтарында робот техникасы құралдарын қолдану" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.07.2019 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңарту жағдайында информатика сабақтарында робот техникасы құралдарын қолдану" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТЖКБ) жалпы білім беретін "Информатика" пәні оқытушыларына арналған.

2. Бағдарлама робот техникасы негіздерін зерттеу, инженерлік дизайн және технология, оқытушылардың роботтарды модельдеу және бағдарламалау, түрлі тапсырмаларды орындауы үшін Lego (Лего) және Arduino (Ардуино) құрылғыларын қолдана отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты - информатика пәні оқытушыларының робот техникасы құралдарын қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушылардың робот техникасы мен инженерлік жүйелерді жобалау бойынша базалық білімдері мен дағдыларын қалыптастыру;

2) тыңдаушылардың робот техникасы бойынша білім деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;

3) оқытушылардың роботты құрастыру және алгоритмдерді жасақтау бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) Lego Mindstorms EV3 (Лего Майндстормс EB3) және Arduino (Ардуино) бағдарламалау ортасын;

блоктар мен тетіктердің жұмыс істеу принциптерін біледі.

2) EV3 (EB3) және Arduino (Ардуино) модульдерінің тетіктерін тәжірибеде қолдану жолдарын;

кәсіптік есептерді шешуде аппараттық және бағдарламалық құрылымдарды меңгереді.

3) робот техникасы құралдарын қолдана отырып, өндірістік жұмыстарға қажетті роботтарды модельдеу және бағдарламалау дағдыларын қолданады;

4) Arduino (Ардуино) микроконтроллерін пайдалана отырып, болашақта өндірістік мәселелерді шешуге арналған кәсіби жобаларды демонстрация көрсетеді.

4-тарау. Бағдарлама мазмұны

6. Бағдарлама негізгі екі компонент бойынша оқытуға бағытталған: практикалық және теориялық.

7. Белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкес білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін осы Бағдарлама үш модульді меңгеруді қарастырады.

8. Бағдарлама модульдері:

1) Lego Mindstorms EV3 (Лего Майндсторм EV3) жұмыс негіздері;

2) EV3 (EV3) бағдарламалау;

3) Arduino IDE (Ардуино АйДиИ) бағдарламалау ортасы және Processing (Процессинг) бағдарламалау тілі.

9. Модульдер мазмұнында осы Бағдарламаға қосымшада келтірілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес негізгі мәселелер қарастырылады.

5-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

10. Екі апталық курстардың мерзімі 80 сағатты, бір апталық курс 40 сағатты қамтиды. Білім беру процесі ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс тапсырмалары, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

6-тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

13. Білім беру процесі аудиториялық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды жүргізуді, интерактивті әдістерді: практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау немесе мәселені бірлесіп талқылауды қамтиды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамымен қорытынды бақылауға сәйкес бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді және курстың ОӘК енгізіледі.

Педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
"Техникалық және кәсіптік білім
беруді жаңарту жағдайында
информатика сабақтарында

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Мазмұны	Дәрістер	Зертханалық жұмыстар	Семинар	Сынақ	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
1	"Lego Mindstorms EV3 (Лего Майндсторм EB3) жұмыс негіздері" модулі	2	6			8
1.1	Робот техникасы курсына кіріспе: Робот техникасы негіздері, қолдану аймақтары, робот техникасы түрлері. Робот техникасының тарихы және болашағы. Робот техникасы бойынша халықаралық жарыстар. Курс жабдықтарымен танысу: Lego Mindstorms EV3 Education (Лего Майндстормс EB3 Эдюкейшн) жиынтығы	2				2
1.2	EV3 (EB3) блогы. EV3 (EB3) блогының интерфейсі. "Educator" (Эдюкейтэ) білім роботын құру. Моторлар және тетіктермен танысу. Тетіктер мен моторларды жалғау		2			2
1.3	Lego Digital Designer (Лего Диджитал Дизайнэ) бағдарламасында Білім роботын модельдеу: 1-б ө л і м . Lego Digital Designer (Лего Диджитал Дизайнэ) бағдарламасында Білім роботын модельдеу: 2-бөлім		2			2
1.4	Бағдарламалау дегеніміз не? EV3 (EB3) бағдарламалық жасақтамасы. "Educator" Білім роботын бағдарламалау		2			2
2	"EV3 (EB3) бағдарламалау" модулі	8	24		2	34
2.1	"Цикл" блогы. "Есептеуішті қолдану. Тетіктегі деректер. "Тасымалдау" жобасы. "Экран" блогы. " Мәтін" блогы.	2				2
2.2	"Математика" блогы. "Кездейсоқ сандар" блогы. Математикалық формула арқылы мотордың қозғалысының жылдамдығын есептеу. "Ауыстыру " блогы. "Робот-жаяу жүргінші" жобасы		4			4
2.3	Менің блогым. Массивтер. Файлдар		2			2
2.4	Мәліметтер логі. Мультиесептілік		2			2
2.5	Қозғалыс дегеніміз не? Үлкен моторлардың қозғалысы: "Меңгерікпен басқару" блогы. " Билеуші Робот" жобасын құрастыру	2	2			4
2.6	Робот қолының қозғалысы. "Орта мотор" блогы. "Үлкен мотор" блогы. "Күшік" роботын құрастыру	2	2			4

2.7	Бұрылыс дегеніміз не? Бір орындағы бұрылыстар. "Моторларды тәуелсіз басқару" блогы. "Көлік тұрағы" жобасы	2	2			4
2.8	Жанасу тетігі. Батырмаға басуды анықтау. Түс тетігі. Түсті анықтау. "РобоҚол" жобасын құрастыру		2			2
2.9	Ультрадыбысты тетік. Кедергіні анықтау және кедергіге реакциясы. "Знап" роботын құрастыру		2			2
2.10	Гироскопиялық тетік. Бұрыштық көлбеуді анықтау. "Гиробой" роботын құрастыру		2			2
2.11	Сызықпен қозғалатын робот. Сызықпен қозғалатын роботты бағдарламалау және құрастыру		4			4
2.12	Жоба қорғау				2	2
3	"Arduino (Ардуино) арналған бағдарламалау ортасы және Processing (Процессинг) бағдарламалау тілі" модулі	2	34		2	38
3.1	Arduino контроллерімен танысу	2				2
3.2	Біздің өміріміздегі микроконтроллерлер, контроллер, Arduino (Ардуино) контроллері және оның құрылымы мен құрамы. Arduino Uno (Ардуино Уно) және Mega ADK (Мега ЭйДиКей) сипаттамасы		2			2
3.3	Arduino арналған бағдарламалау ортасы және Processing бағдарламалау тілі		2			2
3.4	Arduino UNO. LED (ЛЭД) лампаның жыпылықтауы		2			2
3.5	Arduino Arduino (Ардуино) базасында электрондық құрылғыны жобалау және модельдеу негізі		2			2
3.6	Цифрлық сигналдармен жұмыс. Индикация. Аналогтық сигналдармен жұмыс		2			2
3.7	Қозғалтқыштарды және сервожетекті басқару		2			2
3.8	Тайминг. Жүгіргіш от. Fade-эффект (Фэйд-эффект)		2			2
3.9	Энкодер. Пьезо сәуле таратқыш. ЕИМ. Arduino (Ардуино) жады		2			2
3.10	Айнымалылар және функциялар		2			2
3.11	Arduino (Ардуино) кітапханалары: Servo (Сэрво), EEPROM (ИИПРОМ), SPI (ЭсПиАй) және Stepper (Степпер)		2			2
3.12	Регистр жылжуы		2			2
3.13	Порттарды басқару. Светодиод жарықтығын басқару		2			2
3.14	Батырманы қосу. Delay-ды қолданбай светодиодты жыпылықтату. Фоторезистор арқылы сервоны басқару		2			2

3.15	Үзілістер. Жүктеме. LCD (ЭлСиДи). Arduino (Ардуино) сағат. Joypad (Джойпэд)	2			2
3.16	Қозғалтқыш драйвері. Цифрлық компас. ИҚ-қабылдағыш	2			2
3.17	Жетісігментті индикаторды қосу	2			2
3.18	Температура және ылғалдылық тетіктері	2			2
3.19	Жоба қорғау			2	2
	Барлығы:	12	64	4	80

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
57-қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында 3D-принтинг технологияларды қолдану" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық бағдарламамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.07.2019 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Кіріспе

1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында 3D-принтинг технологияларды қолдану" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТжКБ) жалпы білім беру, арнайы пәндері оқытушыларына және өндірістік оқыту шеберіне арналған.

2. Бағдарлама оқу процесінде 3D-принтинг құралдарын тиімді пайдалану бойынша ТжКБ жалпы білім беру, арнайы пәндері оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты оқу процесінде 3D-принтинг құралдарын қолдануда ТжКБ жалпы білім беру, арнайы пәндері оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберінің кәсіби құзыреттілігін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) 3D-принтерді басқару және 3D-моделдеу негіздерін зерттеуді қамтамасыз ету;

2) 3D-принтинг құралдарын қолдану арқылы сабақты жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;

